БЕКІТЕМІН:
УТВЕРЖДАЮ:
Мектеп директоры
Байдусенов Е.Р.
______________
«___»________2023 ж

**«Запорожье ауылының жалпы білім беретін мектебі»КММ**
**Мектепалды даярлық 0 «А» тобының**
**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**2023-2024 оқу жылына**

Тәрбиеші: Дузбенбетова М.М.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** « Запорожье ауылының жалпы жілім беретін мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта** 4 - 8 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.09.23 | Сейсенбі 05.09.23 | Сәрсенбі 06.09.23 | Бейсенбі 07.09.23 | Жұма 08.09.23 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Сөйлеп тұрған таңғы радио:** «Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу» Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Үстел үсті театр ойыны:** «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Ойын– жаттығу:** «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгіңмелесу, сұрақ жауап **Ойын:«Жер шары»** Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю. | **« Сәлем жаңа күн»** **Д/ойын :** «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа. **Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. **Еңбек тапсырмасы:** Балықтарға жем шашу | **«Табиғат мінезі»** **Сюжеттік ойындар:** **«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **Не артық?** **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **«Табиғат мінезі»** жаттығуы **Еңбек тапсырмасы:** Кезекшілікті ұйымдастыру |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата –аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Шаттық шеңбері «Кел,танысайық!» | «Менің топтағы достарым»досларының суретін салу | «Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту | «Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру | «Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 1 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br><br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы.** «Дыбыс »<br><br>**Мақсаты:** -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру<br><br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы.»**Балабақшадағы алғашқы күн»<br><br>**Мақсаты:** -«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету<br><br>Ба-ба-ба – бала.<br><br>Бо-бо-бо – бота<br><br>Бө-бө-бө – бөрік. | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы.** «Дыбыспен сөз»<br><br>**Мақсаты:**-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Менің досым»<br><br>**Мақсаты:** - Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.<br><br>Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады<br><br>Педагог балаларға **«Адал** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** «Сөз»<br><br>**Мақсаты:**-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету<br><br>**«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш | Табыл – дабыл.<br><br>Бақа – бақбақ<br><br>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:<br>Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ. | жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. | **дос»** деген әңгіме оқып береді<br><br>Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br><br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...<br><br>Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк – | |

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

***«Лақтыр да,қағып ал»***

| | | |
|---|---|---|
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із** |  | **Ойын:** ***«Лақтыр да,қағып ал»***<br><br>**Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу)</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">лақтырып қағып ала алады,соны санайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Математика негіздері<br><br>Тақырыбы: «Кеністікке және қағаз бетінде бағдарлау»<br>Мақсаты: - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету<br><br><br>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:<br><br>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды.<br><br>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және<br><br>«бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с</td>
<td>Қоршаған орта<br>Тақырыбы«Бізді не қоршап тұр?»<br><br>Мақсаты: Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.<br><br>Педагог «Тағы не істейді?» деген ойын ойнауға шақырады. Ойын тәртібі бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>Балалардың жауаптары:<br>Дәурен: Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді? Сүгір: Сүңгиді, жерде жүреді,ұшады, барылдайды.<br>Д: Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>«Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:<br>Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соңпедагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы:<br>Менің достарым – тыныстай алады.</td>
<td>Математика негіздері<br><br>Тақырыбы: «Кеністікке және қағаз бетінде бағдарлау»<br>Мақсаты: - бір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату<br><br>Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу).<br><br>Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі).<br><br>Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады<br><br>Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете</td>
<td>Қоршаған орта<br><br>Тақырыбы: «Табиғатта не өзгерді?»<br>Мақсаты:- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау<br><br><br>«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.<br><br>Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер</td>
<td>Математика негіздері<br><br>Тақырыбы: «біреу көп»<br>Мақсаты:- заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету<br><br><br><br>Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік.<br><br>Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?<br><br>«Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы.<br><br>Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар<br><br>Не туралы бір деп айтуға болады?<br><br>Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады?<br><br>Д/ ойын «Жұбын тап»</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады:<br><br>Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с.<br><br>Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар | гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады). | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**

Кім келді?

Қане, қане кім келді?

**Біз, біз, біз!**

Апа, апа бұл сіз бе?

**Иә, иә, иә!**

Әке, әке бұл сіз бе?

**Иә, иә, иә!**

Ағатайым бұл сіз бе?

**Иә, иә, иә!**

Қарындасым бұл сен бе?

**Иә, иә, иә!**

Біздер тату жан ұя

**Иә, иә, иә!**





**Ойын: «Айдаһардың құйрығы»**

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.

**Ұсыныс**: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.

| 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** «Білімің бұлағың»<br><br>**Мақсаты-** Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыр<br><br>-портфельге не салу керек?<br><br>Балалар портфельге керек заттарды белгілейді.<br><br>**Мақал жаттау**<br><br>Білім-таусылмайтын қазына.<br><br>**Білімің – бұлағың»**<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да,<br>Ұстазсыз болмайды.<br>Мереке күніңмен,<br>Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам,<br>Сен берген біліммен. | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** Менің балабақшам<br><br>**Мақсаты** -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту<br><br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br><br>Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Күз жомарт<br><br>**Мақсаты -** Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру<br><br>**Д/ойын: «Ғажайып қоржын».**<br>**Ойынның шарты**: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды.<br>Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша бөлмелері»<br><br>**Мақсаты** -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту<br><br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br><br>Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Жеміс бағында<br><br>**Мақсаты:**- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. салуды жетілдіру,<br><br>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру<br>- қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту<br>- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу<br>Топтық жұмыс:<br>Сурет салі<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру<br>Құрастыру<br>**Күз**<br><br>Ой, балалар, балалар,<br><br>Қоңырқай күз болыпты.<br><br>Құрап жапырақ солыпты,<br><br>Ел егінін орыпты. |
| Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны. | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| ***«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»***<br><br>**Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады.<br><br>**Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br><br>**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br><br> | <br><br> | ***Ойын: «Жер,су,ауа»***<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:**асық<br>**Шарты:**балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сеіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.<br><br>Осылй ойын жалғаса береді. |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы**: «Спорт зал»<br>**Мақсаты:**<br><br>- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету<br><br>**«Мұқият бол» ойын** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Білімің – бұлағың»<br>**Мақсаты:**<br>- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қосалқа» Дәулеткерей<br><br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы:** «Спорт залда ойнаймыз»<br>**Мақсаты:-** таза ауаағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Білімнің бұлағың»<br>**Мақсаты:-**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату<br><br>**Музыка тыңдау:**<br><br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы:** «Денсаулықтың қыпиялары»<br>**Мақсаты:**-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см).<br><br>**Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** шираќ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуы**.<br><br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен<br><br>адымдауларын қадағалау.<br><br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет**).<br><br>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар<br><br>Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал<br><br>жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады | Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Қояндар», «Аю», «Түлкі»,<br><br>«Қасқыр» (Т. Ломова)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)<br><br>Ойындар, хороводтар:<br><br>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | **«Қармақ». (3 рет).**<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер<br><br>бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы<br><br>ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет. | **Ән айту**:<br><br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br><br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Марш» (В. Дешевов)<br><br>**Билер**:<br><br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br><br>**Ойындар, хороводтар:**<br><br>«Сиқырлы ағаш» **(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)** | аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен<br><br>жерге түседі<br><br>***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады. |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

## Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
## «Жапалақ»

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Серуен** | Тіл жаттығулары:<br><br>*«Аударыспақ»*<br><br>**Мақсаты:** -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;<br><br>-сөздік қорын байыту;<br><br>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;<br><br>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап<br><br>беруді үйрету;<br><br>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;<br><br>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br><br>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;<br><br>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;<br><br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту; | <br><br> | ***Ойын: «Жапалақ»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>**Шарты:** «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, кимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Запорожье ауылының жалпы білім беретің мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **11 -апта** 11 - 15 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

**Тәрбиеші:Дузбенбетова М.М**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.09.23 | Сейсенбі 12.09.23 | Сәрсенбі 13.09.23 | Бейсенбі 14.09.23 | Жұма 15.09.23 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер»**<br><br>**Мақсаты:** Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру. | **Д/ойын: «Кері айт»**<br><br>**Мақсаты:**мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br><br>Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу. | **«Жолаушылар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. | **Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз»**<br><br>**Мақсаты:**конструктормен ,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын: «Көліктерді ата»**<br>**Мақсаты:** балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік | **Ата-аналармен әңгіме:** | **Ата-аналармен әңгіме:** | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңес беру | жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.<br><br>Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл:<br><br>«Үйшік құрастыр»<br><br>Балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «**Сүйікті ойыншықтарым** ».<br><br>Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары<br><br>«Қуыршақтарға үй құрастырамыз». |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 2 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Мнемосхемамен «Көліктер»**<br>К. Бисекееваның тақпағын жаттау.<br>Көліктер бар сан түрлі,<br>Суда, жерде, көкте де.<br>Дөңгелекті машина,<br>Қажет бізге көліктер<br>Ұшақ, пойыз, кеме де. | **«Көңілдімін»**<br>Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн,<br>Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн.<br>Жүремін,айналамын бырн-бырн,<br>Әрқашан көңілдімін сырн-сырн | **«Зу-зу етіп көшеде»**<br><br>Зу-зу етіп көшеде,<br>Күн-түн тыным таппайды.<br>Төрт дөңгелек дөңгелер,<br>Төрт аяқпен шаппайды. | **«Көлік жүйрік шықты алға»**<br><br>Түрі, түсі, атауын,<br>Оңай емес жаттауға.<br>Қазіргінің тұлпары,<br>Көлік жүйрік шықты алға. | **«Бип-бип-бип дейді»**<br>Бип-бип-бип дейді<br>Жол шетіне шық дейді<br>Күшікті басуға болмайды машина,<br>Бип-бип-бип дейді<br>Жол шетінен күт дейді<br>Көшеде асығып жүруге болмайды машина<br>Бип-бип-бип дейді. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** « Сөз»<br><br>**Мақсаты:** - Сөздің дыбыстан құралатынын | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Менің досым»<br><br>**Мақсаты:** - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Сөз сөздің мағынасы »<br><br>**Мақсаты: -**А дыбысы | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:** -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Сөз сөздің мағынасы »<br><br>**Мақсаты:** дауысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру<br><br>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштапыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру<br><br>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл | қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту<br><br>-Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен<br><br>жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады.<br><br>**-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал** | қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу<br><br>-Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық?<br>Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі.<br>Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?»<br>Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек<br><br>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»<br>Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. | Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету<br><br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>**Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді | дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру<br><br>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету)<br>Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар<br>Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). | | | | |

## Үзіліс

| | | |
|---|---|---|
| **Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»**<br>**Шарты**:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Дан-дан-дан-манадан,<br>Дан-дан-дан-шанадан,<br>Ем-ем-ем– мінгізем.<br>Ем-ем-ем – жүргізем. |  | **Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»**<br><br>**Мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.<br><br>**Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.<br>**Ойын шарты:**<br>***1-ші нұсқа.*** Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.<br>***2-ші нұсқа.*** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.<br>***3-нұсқа.*** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек. |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Біреу көп»<br><br>**Мақсаты:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру<br><br>**«Артық затты тап» кестесі.**<br>Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше зат бар? Бүгін қандай сандармен | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>Тақырыбы: «Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>**Мақсаты:** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен карауға үйрету<br><br>**«Тұқым» ойыны**: | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Біреу көп»<br><br>**Мақсаты:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру<br><br>**«Артық затты тап» кестесі.**<br>Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырыбы:** Нан қайдан келеді?<br><br>**Мақсаты:** саңырауқұлақ таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.<br><br>**«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.** | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»<br>**Мақсаты:** - 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру<br><br>Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты).<br>тапсырма. 6 моншақты бастырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысатынымызды кім айтады?<br>Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды | педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br><br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі | зат бар?<br>Бүгін қандай сандармен танысатынымызды кім айтады?<br>Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды | Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: саңырауқұлақ қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді.<br>**Күрделі сұрақ:** саңырауқұлақ **қарап жел соғып тұрғанын білуге бола ма?** Балалар өз болжамдарын айтады. | сызыңдар және оларды бояңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарай жалғастырады:<br>наубайшы нан пісіреді,<br>тағы кім пісіреді? (Ана,<br>әже, әпке). | | | |
| | **Үзіліс** | | | | |
| ***Сюжетті - рөлді ойын:***<br>**«Кім үздік жүргінші?»**<br><br>***Мақсаты:*** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.<br><br>**Көрнекіліктер:**1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.<br>**Ойын барысы:**<br>Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары | ***Саусақ ойындары***<br>**Ойын:« Қозылар»**<br>***Мақсаты:*** саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,<br>Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,<br>Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,<br>Қозыларды мен жақсы көрем,<br>Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,<br>Қопарды да өзі сурет салды,<br>Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,<br>Қозыларды мен жақсы көрем,<br>Мына қозы ортаға тұрам деп,<br>Бүкіл ағаларын итеріп тастады.<br> | ***Саусақ ойыны:*** **« Құрттар»**<br>***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br> | **Психологиялық ойын:**<br><br>**Ойын:« Сәлемдесу»** жаттығуы.<br><br>***Мақсаты:*** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br><br>***Ойын шарты:*** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. | **Аз қимылды ойын:**<br><br>**Ойын: «Кеме»**<br><br>**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.<br>Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.<br>Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.<br>Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.<br> | | | <br> | <br> |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы** Кішкентай бағбан<br>**Мақсаты:** - Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру<br><br>Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** «Біздің топ?»<br><br>**Мақсаты: -**мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру<br><br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы** Жемістер жыры<br><br>**Мақсаты:** - Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру<br><br>Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** «Біз балабақшада не істейміз»<br><br>**Мақсаты:** -мамандық иелерін құрметтеуге баулу<br><br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету.<br><br>– Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші.<br><br>– Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \ | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті** Жапсыру<br>**Тақырыбы:** Біздің үй<br><br>**Мақсаты:** - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту<br>-тостағанды жапстру әдіс-тәсілдерін үйрету<br>-- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру<br>- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру<br>-Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Калелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды | Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). | оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Калелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды | – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады. | Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар?<br>Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар бар ма?<br>Сурет салу кезінде заттың фонына көңіл бөлу керек, себебі заттағы ою-өрнектің реңкі әртүрлі болуы мүмкін.<br>Бүгін біз тостағанды салып, әшекейлеуді үйренеміз. Қағазға бір түсті акварель бояуымен тостағанның суретін саламыз<br>-Салу тәсілдерін көрсету |
| **Үзіліс** | | | | | |
| **Сюжетті-рөлді ойын:« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»**<br>**Мақсаты :** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.<br><br>Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, | ***Қимылды ойын:***<br><br>**«Машинамен саяхат»**<br><br>**Мақсаты:** Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.<br>**Көрнекіліктер:** Ойын алаңы, фишкалар.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз. | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br><br>**« Ұшқыштар»**<br><br>**Мақсаты:** Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту.<br><br>**Жағдаят:** Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда.<br><br>Мұздақтағы балықтарды құтқару.Ұшақ далада жұмыс істеуде.<br><br>**Тәрбиешінің іс-әректі:** Диспетчер рөліндегі<br><br>жерден бақылауды жүргізеді.<br><br>Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс-әрекетін басшылыққа алады.<br><br>**Балалардың іс-әрекетті:**<br><br>Техник ұшақтың моторынтексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды. | | ***Қимылды ойын:***<br>**«Автобус жүргізуші»**<br>**Ойын мақсаты:**<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>**Ойын шарты:** Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп | **Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат»**<br><br>Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.<br>**Жүргізуші:**Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда.<br>Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br><br>**Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br><br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.<br><br>Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді |  | Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі.<br><br>Экипаж командирі экипаж<br><br>мүшелерінің іс әрекетін бақылапбасқарады.<br><br>Штурман навигациялық<br><br>жағдайды қарайды катамен<br><br>жұмыс істейді.<br><br>Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды.<br><br>Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі.<br><br>Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.<br><br>Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.<br><br>Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді.<br><br>Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.<br><br>Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды. | қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады. Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады.<br>Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады.<br><br> | да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.<br>Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;<br><br>Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.<br> | |  | |  |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
<td>Қоршаған орта<br>Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан»<br>Мақсаты: -«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру<br><br>Ел тынысын тереңінен танып кең, Шарапаты бар адамға дарып тең. Елбасының есімі бұл тарихта Қалар анық өшпес алтын әріппен.</td>
<td>Математика негіздері<br><br>Тақырыбы<br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>Мақсаты: : геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .<br>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны</td>
<td></td>
<td>Математика негіздері<br><br>Тақырыбы Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>Мақсаты: : геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .<br>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Онын жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық | -Өлең сөздерін қалай түсінесіңдер? | Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды | | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, |  |  | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.<br>**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.<br> |  |  | **Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қат<br>ысады.<br> |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** Алтын бала | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** Апта күндері<br><br>**Мақсаты** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту<br><br>.<br>**Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** Сәруар<br>**Мақсаты** таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру.<br><br>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** Менің отбасым | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті** Құрастыру<br>**Тақырыбы:** Көңілді автобус<br><br>**Мақсаты:-** балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;<br><br>- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру,мүсіндету<br><br>-- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br><br>- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.<br>**Тапсырма**. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>**Көкөністер.**<br>Қандай көгөністерді білесің?<br>Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету*.<br>Сурет бойынша сөйлем құра. | жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді | | **Топтық жқмыс** |
| **Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»** | | | | | |

Артикулыциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»-деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»-деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**

**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

















Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.







**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы**<br>**Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы**<br>«Бірінші бол!»<br>**Мақсаты** -Қолды | **Музыка**<br>**Тақырыбы** Сабантойды тойлаймыз»<br><br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы «**Командалық эстафеталар» (таза ауада)<br>**Мақсаты:** Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру | **Музыка**<br>**Тақырыбы**<br><br>. Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы «**Командалық эстафеталар» (таза ауада)<br>**Мақсаты:** Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді. | **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан | **«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).**<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды | | **«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).**<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа-райын | **Бақылау:** Күзгі | **Бақылау:** Алтын күзді | **Бақылау:** Жәндіктерді | **Бақылау:** Күнді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «** Таза алаң » .<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. « Күшік » .<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » .<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » .<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы | жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруин қадағалау.<br>**Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** « Аю жүрген орманда » .<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылдық ойын :** « Монданақ » .<br>**Ойын барысы:**<br>Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, | бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз.<br>Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » .<br>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>**Еңбек** : « Таза алаң »<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** « Көрші » .<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам | бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>« Қыстың қамын жаз ойла » .<br>**Еңбек** : Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.**<br>**Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын: « Итеріспек »**<br>**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ »<br>Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.<br>**Еңбек** : Гүл шоғы.<br>**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам »<br>**Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.<br>Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам »<br>Сақта көше тәртібін<br>Бағдаршамның ал « тілін »<br>Біліпт алдым мен де:<br>Жасыл жанса, демде<br>Алға кетем лезде.<br>Сары жанса , сабыр<br>Сақтай тұрам әзір.<br>Жанса қызыл шоқтай,<br>Қаламын кілт тоқтай.<br>**Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »**<br>**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы:<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау **.**<br>**Тренинг:** « Біз біргеміз » . | оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » . | жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.<br>**Дербес ойындар.**<br>**Тренинг:** « Біз татумыз » | | оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырт пішіні жуас салғырт<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң-қарайық та.<br>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**<br>**2.Күн мен түн**<br>**Тренинг:** « Күн шуағы **» .** |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Запорожье ауылының жалпы білім беретің мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **4-апта** 23 - 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің | Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ | Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталап айтады | жасап ойнайды | көлеңкесін табады | киімдердің бауын байлап ойнайды. | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы »<br>Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер»<br>Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу.<br>Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 4 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері** | **Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | **Тақырыбы** Күзгі жапырақтар<br><br>**Мақсаты:** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап | **Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз<br><br>**Мақсаты:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ... (сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды. | **Тақырыбы.** Буынға бөлейік<br><br>**Мақсаты** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр<br><br>**«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады | **Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз<br><br>**Мақсаты** буындардан сөз құрауға үйрету.<br><br>**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны**<br>**Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. | **Тақырыбы.** «Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.<br><br>**Жұмбақты шеш.**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар. (Бидай)<br>. Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді. |

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Мысықтар мен балалар»***

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
**Мә-ә-ә-ә-ә**
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
**Мө—ө-ө-ө**
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )
**Майлыаяқ.**
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Кұжірейтіп желкесін









**Ойын: *«Мысықтар мен балалар»***

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

| | | |
|---|---|---|
| Ырылдады қасқыр кеп:<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**<br>«Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөліңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) |  | |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Менің елімнің салт-дәстүрі.<br>**Мақсаты** ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.<br><br>«**Үй сыртында қолағаш» ойыны.**<br>Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты** : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Топпен жұмыс** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»** Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. -Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус)<br>- Цилиндр неге | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы** Жыл құстары<br><br>**Мақсаты** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,<br>былай дейді:<br>«Үй сыртында қолағаш» ойыны.<br>Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,<br>былай дейді:<br><br>. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі.<br>Ойын бастаушы:<br>«Үй сыртында қолағаш<br>Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді. | сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды. | ұқсайды? (кружка, стақанға) -Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).<br>Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже | пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды | Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Үзіліс:  Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»</td></tr>
<tr>
<td colspan="2">Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары<br>«Жасыру» саусақ ойыны.<br>Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып,<br>Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>«Салат» саусақ ойыны.<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)<br>Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап,<br>тойғандықтарын көрсетеді)<br></td>
<td colspan="2"><br><br><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.<br>Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы** Ойнайық та ойлайық<br>**Мақсаты** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту<br><br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>Күз мезгілінің суретін аяқтап сал.<br>Күздің белгілерін ата. | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** Неше? Санау<br><br>**Мақсаты** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру<br>.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».**<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».**<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br><br>**Мақсаты** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?<br>Не жайлы айтылған?<br>Ақын жапырақтарды неге теңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілі қандай?<br>Күз мезгілінде айнала сары болады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:**<br>«Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру<br><br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлең шумақтарында не жайында айтылған?<br>– Өлеңді кім жазған?<br>– Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің?<br>– Астыққа не жатады?<br>– Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің? | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Тақырыбы:** Сазбалшықтан жасалған табақ<br><br>**Мақсаты:**- - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету<br><br>--табақты мүсіндеу<br><br>--геометриялық пішіндерден табақ қию<br><br>-- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br><br>**Топтық жұмыстар** |
| **Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.** | | | | | |

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**

**«Кірпі»** жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**

**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.







***Ойын: «Көжектер»***

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы «Біздің стадион»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Аяқты уқалау**<br>(Б.қ. – малдас құрып отыру).<br>Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау.<br>Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды | **Музыка**<br>**Тақырыбы**<br>«Сабантойды тойлаймыз»<br><br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).**<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы «Менің үйім»**<br>**Мақсаты -** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»**<br>«Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер).<br>Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады).<br>Аула іші тап-таза | **Музыка**<br>**Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз»<br><br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)». | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Тұманды бақылау.<br>**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаштардың түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Табиғатты | **Бақылау:** Шықты бақылау.<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>**Еңбек** : Ағаш бұтақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек** : Біздің ойын алаңы | **Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.**<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар – адамзат **.**<br>**Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.<br>**Ойын: « Біз кішкене отбасы »**<br>**Мақсаты:** Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын: « Шымшық доп »**<br>**Ойын барысы** : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты | бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейин тыңғылықты жасауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.**<br>Отан – менің ата-анам,<br>Отан-досым , бауырым.<br>Отан-өлкем, астанам,<br>Отан-туған ауылым.<br>**Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.<br>**Ойын:** « Қояндар секіреді » .<br>**Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** « Қаздар мен бақташы » .<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.<br>Бақташы: Қаздар, қаздар!?<br>Қаздар: га,га,га<br>Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?<br>Қаздар: иә, иә, иә.<br>Бақташы: Ендеше | бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:** « Еңбекпен ел көгерер,<br>Жаңбырмен жер көгерер » .<br>**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын** : « Допты қуып жет » .<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »**<br>**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.<br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші | **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br>**Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>**Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »**<br>**Ойын барысы** :<br>Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді | **Еңбек** : Біздің аула<br>**Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп<br>Кесте тіктім.<br>(Кемпірқосақ)<br>**Мақсаты** : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » .**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** . « Қимақ » .<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,- дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды.<br>**Дербес ойындар:**<br>**1.Әткеншек тебу.**<br>**2.Ирек жолмен жүру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.<br>**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>**1.Жарысу.**<br>**2.Төбешікке секіру.** | ұшыңдар.<br>Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар<br>Жібермейді ол жолда<br>Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !<br>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.<br>Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.<br>Еркін ойындар.<br>**Тренинг:** « Қаздар болып ұшайық » . | сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br>**Тренинг:** « Қолшатыр » . | басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br>**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>Қуаласпақ.<br>Тығылыспақ.<br>**Тренинг: « Киіз үй » .** | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Запорожье ауылының жалпы білім беретің мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта** 06 - 10 қараша 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **«Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты**: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады. | **«Өзім және отбасым»** **Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты**: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі. | **«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | **Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | «Шарикті үрлеу».<br><br>(үстел үсті ойыны) | «Гүлді құрастыру»Топтық ойын | Жапырақ гүлін жасау | Фантикті жинау | Қағазды бүктеу,жазу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 5** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту<br><br>**Мақсаты:** буындардан сөз құрауға үйрету<br><br>**«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.<br><br>Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.<br><br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br><br>**–** Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: -** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту<br><br>**Мақсаты** Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру<br><br>Шаштараз<br>Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз<br><br>Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз<br>өлең ішінен түбірлес | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау<br><br>**Мақсаты** Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру<br><br>**«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мысалы:** б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.<br><br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану,<br><br>**Мақсаты** , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**–**Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз?<br>–Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы?<br>–Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер?<br>–Өздерің таза жүресіңдер ме? | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру<br><br>**Мақсаты** дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру .<br>**«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.**<br>Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.<br>2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.<br>3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаға допты лақтырамын, бала<br><br>допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады.<br><br>Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады сөздерді тапқызу | | дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br><br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текше;<br><br>- дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады | | тамақ, тал,<br>тон, тұз т.б.<br>Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады.<br>Қалған балалар<br>орындарында жасайды |

## Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»

**Тілді жаттықтыратын жаттығулар...**

**1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»** 

***2. Бағынбайтын тілді жазала.***

**Мақсаты:** Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;

**Бейнелеуі** : Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.

**Әдістемелік нұсқау** :

Төменгі ерінді бұрап, астынғы тістерге тартпау керек;

Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек;

Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудын орындауын былай бақылауға болады: мақтаны













**Ойын: « Аюдың апанында»**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Ойынның шарты:** Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады:
-Біз аюдың қасында
Жеміс- жидек тереміз,
Аю ұйықтамайды,
Аю ырылдайды.
«Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.
**Ұсыныс**: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды. | | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>**Мақсаты** : уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру<br>– Қабырғадан қарап тұр,<br>Уақытты санап тұр. (Сағат)<br>Ағайынды екеуі<br>Шеңбер бойы жүгірген.<br>Аласа бойлы ағасы<br>Бір айналып өтеді,<br>Ұзынтұра інісі<br>Сағат сайын өтеді. (Сағат тілдері.)<br>– Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.)<br>Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын анықтап білеміз<br>Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді? | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну<br>**Мақсаты** заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.**<br><br>Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және<br><br>темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.<br><br>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.<br><br>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.<br><br>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады<br><br>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.<br><br>Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және<br><br>темірден жасалған заттарды | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>**Мақсаты:** уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру<br>Сағаттың модельдерімен жұмыс<br>Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі.<br>Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек.<br>Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.) | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br><br>**Мақсаты** Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға<br>Дағдыландыру<br><br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы<br>алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)<br>Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.<br>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып,<br>ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ.<br>Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау<br>**Мақсаты** уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру<br><br>**«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу<br>Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?<br>3 оқиға бейнеленген суреттер<br>Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.<br>Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атауды ұсынады.<br><br>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.<br><br>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.<br><br>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады | | шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды.<br>**«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны**.<br>Педагог ойын ережелерін түсіндіреді.<br>– Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар.<br>Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші | |

**Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

**« Дөңгелекті лақтыру »**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>1) Ша-ша-ша<br>Жап жасыл шырша.<br>2) Ар-ар-ар<br>Қандай аппақ қар.<br>3) Ыс-ыс-ыс<br>Келіп қалды қыс.<br>4) Лар-лар-лар<br>Далада ойнаиды балалар. |  | **Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.<br>Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді. |

| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: -**диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру<br>**Мақсаты** ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу<br><br>Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>– Мысық қалай дыбыстайды?<br>– Ол нені жақсы көреді?<br>– Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады.<br>Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу<br>Ертегі не туралы?<br>– Мақтақыз не тауып алды?<br>– Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>– Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі?<br>– Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br><br>**Мақсаты** апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну<br><br>**Тақпақ «Апта күндері»**<br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі – дүйсенбі,<br>Екіншісі – сейсенбі,<br>Үшіншісі – сәрсенбі,<br>Төртіншісі – бейсенбі,<br>Бесіншісі – жұма,<br>Алтыншысы – сенбі,<br>Жетіншісі – жексенбі .<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә- сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br>**Мақсаты** сюжет бойынша ертегіні сахналау<br>Ертегі жүйесін сақтап сахналау<br>Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан<br>алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен<br>болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған.<br>(Мысық) | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті**: -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,<br><br>-Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,<br>**(кірікт. 25.10)**<br><br>**Мақсаты** санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».** Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.<br><br>2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br><br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).<br><br>**Санамақ жаттау.**<br><br>Бақшада жақсы аға<br><br>Ойыншық береді.<br><br>Бір балық,<br><br>Екі шелек, | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: -** балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;<br><br>- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу<br><br>- аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру<br><br>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру<br><br>**Мақсаты:**- құмыра туралыбілімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге,мүсіндекге,жапсыруға, құрастыруға үйрету<br><br><br>**Топтық жұмыстар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Үш үйрек,<br><br>Төрт түлкі,<br><br>Бес бүркіт.<br><br>3-4 бала санамақты қайталайды**.** | |

**Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**«Оң жақта» .**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ гимнастикасы**<br><br>Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br><br>**1. «Кір жуамыз».** Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.<br><br>**2. Тары мен күрішті жинау**. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.<br><br>3. **Қуыршақтың белбеуін байла**. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады. | <br><br> | ***Ойын: «Оң жақта»***<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.<br><br>**1 нұсқа:** педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.<br><br>**2 нұсқа:** педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.<br><br>**3 нұсқа:** педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.<br><br>**Қажетті заттар:** әртүрлі ойыншықтар. |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті: -** кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>**Мақсаты:** Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br>Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен | **Музыка**<br>**Міндеті:** -Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету<br><br>**Мақсаты:** динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу<br>**Мақсаты**<br><br>Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету | **Музыка**<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту**.**<br><br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр<br>**Мақсаты** Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту<br><br>**Тепе-теңдік**<br>«Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады.<br>Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. ( 4 рет) | Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Аспаптардың дауысын ажырату» | Тізбекпен кедергілер алабынан өту.<br><br>Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді.<br><br>(Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді.<br>Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек | Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Аспаптардың дауысын ажырату» | созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | ***Бақылау: Шықты бақылау.***<br><br>***Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.***<br><br>***Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.***<br><br>***Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.***<br><br>***Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.***<br><br>***Отан – менің ата-анам,***<br><br>***Отан-досым , бауырым.*** | *Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.*<br><br>*Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.*<br>*Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.*<br><br>*Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.*<br><br>*Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.* | *Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.*<br><br>*Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.*<br><br>*Еңбек : Біздің ойын алаңы*<br><br>*Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.*<br><br>*Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп,*<br><br>*Болып кетті тым бұзық*<br><br>*Шуылдайды тал терек,* | ***Бақылау: Ауа-райын бақылау.***<br>***Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.***<br>***Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау.***<br>***Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.***<br>***Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға,***<br>***Тербеледі сары алма.***<br>***Көз салып едім бақшаға,***<br>***Қауын біткен сары ала.***<br>***Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » .***<br>***Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.***<br>***Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық »***<br>***Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке,*** | ***Бақылау: Көгершінді бақылау.***<br><br>***Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретін , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.***<br><br>***Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру.***<br><br>***Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.***<br><br>***Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын***<br><br>***Біздің жақта қыстайтын*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отан-өлкем, астанам,<br><br>Отан-туған ауылым.<br><br>Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.<br><br>Ойын: « Қояндар секіреді » .<br><br>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br><br>Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » .<br><br>Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.<br><br>Бақташы: Қаздар, қаздар!?<br><br>Қаздар: га,га,га<br><br>Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?<br><br>Қаздар: иә, иә, иә.<br><br>Бақташы: Ендеше ұшыңдар.<br><br>Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар<br><br>Жібермейді ол жолда<br><br>Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !<br><br>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.<br><br>Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. | Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер,<br><br>Жаңбырмен жер көгерер » .<br><br>Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br><br>Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » .<br><br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »<br><br>Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.<br><br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br><br>Тренинг: « Қолшатыр » . | Жапырағын жұлғызып.<br><br>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br><br>Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br><br>Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br><br>Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »<br><br>Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br><br>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:<br><br>Қуаласпақ.<br><br>Тығылыспақ.<br><br>Тренинг: « Киіз үй » . | шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » .<br>Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады.<br>Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады.<br>Еркін ойын:<br>« Қуыршақты киіндіреміз » .<br>« Отбасы »<br>Тренинг: « Біз көңілді балалар » . | Құстар жүрсе жуықта,<br><br>Жем шашуды ұмытпа!<br><br>Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.<br><br>Ойын: « Шымшық доп » .<br><br>Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br><br>Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » .<br><br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.<br><br>Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды.<br><br>Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады.<br>Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойывн жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанады.<br><br>Тренинг: « Құс болып ұшайық » |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Еркін ойындар.*<br><br>*Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .* | | | | |
| **Балаларды үйге қайтару** | *Ата –аналарға кеңес*<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | *Ата –аналарға кеңес*<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | *Ата –аналарға кеңес*<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | *Ата –аналарға кеңес*<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

***Жоспардың құрылу кезеңі*** **11-апта** 13 - 17 қараша 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды қабылдау<br><br>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау<br><br>Тазалық шараларын жүргізу.<br><br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту<br><br>«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.<br><br>Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу<br><br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.<br><br>Д/о: «Заттарды ажырат».<br><br>Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру | Д/о «Суреттерді орналастыр»<br><br>«Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу<br><br>Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету<br><br>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру | Суретке қарап әңгімеге тарту<br><br>«Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады.<br><br>Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау | Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын<br><br>«Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.<br><br>Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.**<br><br>«Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **Құрылыс ойындары:**<br><br>«Еңбек құралдары»,<br><br>«Наубайхана<br><br>құрастырамыз». | **Фотосуреттер қарастыру:**<br><br>**«Бидай мен қаңбақ»**<br><br>Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру.<br><br>**«Бидай мен қаңбақ»** суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | **«Біз дәнбіз»** диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды) | **Үстел үсті ойыны – пазл:**<br><br>**«Бидай»**<br><br>Комбайынмен бидайды,<br><br>Былай, былай жинайды.<br><br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br><br>Оны қалай қорғайды?<br><br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br><br>Оны былай қорғайды.<br><br>Кіш, кіш, кіш...<br><br>Қорғап қалған бидайды,<br><br>Қамбаға әкеп жинайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 5 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Бидай»**<br><br>Комбайынмен бидайды,<br><br>Былай, былай жинайды.<br><br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br><br>Оны қалай қорғайды?<br><br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br><br>Оны былай қорғайды.<br><br>Кіш, кіш, кіш...<br><br>Қорғап қалған бидайды,<br><br>Қамбаға әкеп жинайды. | **«Ақ тілек»**<br><br>Адал жақсы ниетпен<br><br>Бар адамға бақ тілеп.<br><br>Жарып шыққан жүректен,<br><br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | **«Нанға біз тоямыз»**<br><br>Көктемде жерді жыртамыз,<br><br>Тегістейміз тырмалап.<br><br>Дәндерді оған егеміз,<br><br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br><br>Күз болғанда орамыз,<br><br>Нанға біздер тоямыз. | **«Көлбең, көлбең, көлеңкем»**<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды.<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан | «**Күлімде, Күн, күлімде**»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті: -** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту<br><br>**Мақсаты:** дыбыстық талдау жасайды<br><br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br><br>**«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер<br><br>сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару<br><br>**Мақсаты** Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқу<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты:** Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру<br><br>**Мақсаты** сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын<br><br>**«Кім алғыр» дидактикалық ойыны**<br><br>**–** Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге<br><br>дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк<br><br>дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер.<br><br>Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру<br><br>**Мақсаты** Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту<br>«Ең тәтті дүние» әңгімесін<br>Рөлге ойнау.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br>Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?<br>. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау<br><br>**Мақсаты** . дыбыстарды ажыратады<br><br>**«Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны**<br>Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін<br>ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға<br>қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у;<br>жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз,<br><br>төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б | | қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у | | |

**Үзіліс :**

| | | |
|---|---|---|
| **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**<br><br>**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*<br><br>**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br><br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br><br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |  | **Үстел үстінде ойналатын ойындар.**<br><br>**Ойын: «Жуылмаған жемістер»**(5-10 мин)<br><br>**Мақсаты:** Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту,жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету.<br><br>**Керекті құралдар:** Кез-келген жеміс(сәбіз,картоп),қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс.<br><br>**Мазмұны:** Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады. |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: :** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>**Мақсаты** : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну<br>**Мақсаты** көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:- -**Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту<br><br>**Мақсаты** мамандық түрлері, | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:-** апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>**Мақсаты** сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру**.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.<br>Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7).<br>Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн.<br>Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды.<br>Олардың атауларын қайталайды.<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»<br>Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды | құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру<br><br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**.<br>– Мынау қандай мәшине?<br>– Өртсөндіргіш мәшинесі.<br>– Ол не істейді?<br>– Өрт сөндіреді.<br>– Мынау қандай мәшине?<br>– Жедел жәрдем мәшинесі.<br>– Ол қандай қызмет көрсетеді?<br>– Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.<br>– Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған?<br>– Апаттық мәшине, полиция мәшинесі.<br>– Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады?<br>– Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б.<br>– Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар?<br>– Жүк көлігі т.б.<br>– Олардың ең басты қызметі қандай?<br>– Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.<br>– Мына көліктерді атаңдар.<br>– Автобус, пойыз, ұшақ, кеме.<br>– Бұлардың ортақ атауын табыңдар.<br>– Жолаушылар көлігі.<br>– Жолаушылар көлігі не үшін қажет?<br>– Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді.<br>– Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз?<br>– Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз.<br>– Ал қоғамдық көлікке не | **Мақсаты:** Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру<br><br>Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар | олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру<br>– Қандай мамандық иелері бейнеленген?<br>Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.<br>– Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді?<br>– Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді.<br>Мұғалім мектепте, балаларға білім береді.<br>– Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді?<br>Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады.<br>– Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме?<br>– Ол – актер.<br>– Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді.<br>– Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын | Жұмбақ<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шәйдай ашылды.<br>Қызыл, сары, жасылды,<br>Көк те бір зат асылды.<br>(Кемпірқосақ)<br>Кемпірқосақтың неше түсі бар?<br>Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар<br>Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояу<br><br>**«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны**<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жатады?<br>– Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады.<br>– Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? | | ортаға салады. | |

**Үзіліс:**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сюжеттік - рөлді ойын:* «Көше»**<br>***Мақсаты:***Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.<br><br>***Жағдаят:***<br>**Бағдарламалық мазмұны:**<br>1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту.<br>2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету.<br>**Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы.<br>Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.<br><br> | ***Саусақ ойындары***<br>**Ойын:« Су толтыру»**<br>***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.<br>**Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.<br><br>**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.<br><br><br>**Тіл дамыту жаттығуы** | ***Саусақ ойыны:* «Не өзгерді?»**<br><br>***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы.<br><br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.<br><br><br>**Тіл дамыту жаттығуы** | **Психологиялық ойын:**<br><br>**Ойын: «Атомдар мен молекулалар»**<br><br>**Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Ягни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.<br>***Ойын шарты:***<br><br>«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».<br> | **Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары**<br><br>**Ойын: *«Дыбыстарды анықта» жаттығуы***<br>***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br><br>***Ойын шарты:***<br><br>Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: -**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу<br><br>Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады<br>**Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»**<br>**Ойын шарты:** Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу.<br>– Үлкен кісіні ... керек.<br>– Үлкендердің ... алу керек.<br>– Кішілерге ... керек.<br>- Ойыншықтарды ... керек | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br>**Мақсаты** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту<br><br>**Сөйлемдерді тыңда**.<br>Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br><br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br><br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br><br>Сәрсенбіде сурет салды.<br><br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br><br>Жұмада жидек терді.<br><br>Сенбіде кино көрді.<br><br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br><br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br><br>Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді.<br><br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру<br><br>Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Әдептілік әлемі**<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>Пышақты ұста оң қолмен,<br>Шанышқыны сол қолмен,<br>Нанды үгітпе, қадірле,<br>Қабығымен бәрін же. | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті**: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету<br><br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>**Ғажайып сәт**. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>– Сәлеметсіздер ме?!<br>Қуыршақтар хат алып келеді.<br>Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті).<br>– Қандай керемет, мына суретте кім бар?<br>Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті**: - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br><br>- Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.<br><br>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару<br><br>- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br><br>**Мақсаты:**- Сюжеттік композицияларды салдырып.мүсіндепп,жапсырып,құрастыру<br><br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі | | | |

| |
|---|
| **Үзіліс: .** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»**<br>**Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.<br><br><br> | ***Қимылды ойын:*«Сақинаны лақтыр»**<br><br>**Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Ойынның шарты :** Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br><br>**« Құрылысшы »**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.<br><br>**Тәрбиешінің іс-әректі:**<br><br>Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br> | ***Қимылды ,еңбек ойын:***<br>**«Ойын алаңын тазалау »**<br>**Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.<br><br>**Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап;<br><br>**Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты **Жаттату:**<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br><br>Бәрін шебер істеген.<br><br>Бақша, бауды, тауды да<br><br>Бояған аппақ түспенен.<br><br> | ***Қимылды ойын:***<br><br>**«Күн мен жаңбыр»**<br><br>**Мақсаты:** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br><br>Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.<br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | |  | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| **Артикулляциялық тіл жаттығулары**<br>**Тілге арналған:**<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу)<br><br>**«Ат шауып келеді»**<br>**«Ат шауып келеді»** – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады<br><br>**«Грибок» «Саңырауқұлақ»**<br>**«Саңырауқұлақ»** -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. | **Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...»**<br><br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br><br>**Қажетті заттар:** жұп суреттер, не балалардың жеке заттары<br><br>**Ойын барысы:** аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с. | **Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме»**<br><br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br><br>**Қажетті заттар:** орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар.<br><br>**Ойын барысы:** бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз жеткізуі керек.<br><br>**1 нұсқа:** педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарыңды ізде.<br><br>**2 нұсқа:** педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар.<br><br>**3 нұсқа:** педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысылы,<br>сызбада (3х3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с. |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** заттардың салмағы | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** - «жеңіл – ауыр» | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Балаларды | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** -«жеңіл – ауыр» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br>**Мақсаты** : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br><br>-Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br><br>**Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».**<br>Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар | адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға баулу Заттардың адам өміріндегі аңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді<br>**Мақсаты** нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар).<br>Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына<br><br>байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл,<br><br>кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір<br><br>нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар<br><br>орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс<br><br>істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін<br><br>заттар бар. Қалай ойлайсыңдар, бұл заттарды кімдер жасайды? | сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету;<br>заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету<br>**Мақсаты:** «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету<br>Эксперименттік іс-әрекет<br>Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады.<br>/ Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды.<br>Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы).<br>Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз.<br>Не болды? (Мақта ұшып кетті).<br>Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды).<br>Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді). | адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу<br><br>**Мақсаты** -мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға<br>тәрбиелеу<br>**«Не үшін керек?» ойыны**<br>Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не<br>үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы | сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету<br>**Мақсаты** салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру<br>**Эксперименттік іс-әрекет**<br>Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды. Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді.<br>Балалар бақылап, қорытынды жасайды.<br>-Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма?<br>Салмақ өлшемге байланысты емес<br>-Қалай тексеруге болады? Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Оларды ересек адамдар жасайды.<br><br>– Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады?<br><br>– Әрине, табиғаттан алады.<br><br>– Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады?<br><br>– Ағаштан, темірден жасалады | | | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар »**

| | | |
|---|---|---|
| **Ойын: «Ұшатын құстар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады. |  | **Ойын: «Өзіңе жұп тап»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы алңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.<br>**Ұсыныс:** ойында тақ сан ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. |

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Ақ көрпесін тұйықтап,<br>Қыстай жатар ұйықтап. (Қар)<br>Интерактивті тақтамен жұмыс:<br>**«Қайсысы артық?» ойыны.**<br>**Ойын шарты:** Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету<br>**Мақсаты** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді.<br><br>**«Ғажайып алаң» ойыны**<br><br>Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс.<br><br>Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды.<br><br>– Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – ... . Атам теледидар көреді.<br><br>– Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – ... . Әжем ән айтады.<br><br>– Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – ... . Әкем ойыншық берді.<br><br>– Мынау – менің анам. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру<br><br>- Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз<br>**Қыс**<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен,<br>Қыс дегенің ақ қана,<br>Үлбіреген мақта ма?<br>Тыным таппай күнұзақ,<br>Тұрғызады аққала | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу<br><br>**Мақсаты** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады .<br>**«Ғажайып алаң» ойыны**<br>Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер?<br>Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.<br>1. Отан отбасынан басталады.<br>2. Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br>3. Інісі бардың – тынысы бар,<br>Ағасы бардың – жағасы бар. 4.Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті. | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру<br><br>- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).<br><br>- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br><br>- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру<br><br>**Мақсаты:**- балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен<br><br>мүсіндеудің әртүрлі әдістерін,<br>жапсыруда заттардың өлшемін,<br>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу<br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Анамның аты – ... . Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз | | | |
| **Үзіліс: . Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау** | | | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру<br><br>**Мақсаты:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру<br><br>екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру | **Музыка**<br>**Міндеті:** -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету<br><br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Туған ел» (Л. Хамиди)<br>Ән айту:<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>«Астана» (А. Досмағанбет)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса, Қазақстан» (үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>«Асатаяқ биі» (қыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секңру<br>**Мақсаты** арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру<br><br>Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет)<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)**<br><br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды<br><br>ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады | **Музыка**<br>**Міндеті:** -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру.<br><br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Туған ел» (Л. Хамиди)<br>Ән айту:<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>«Астана» (А. Досмағанбет)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса, Қазақстан» (үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті**: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру<br>**Мақсаты** ) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру<br><br>«**Классиктер»:** бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру.<br>Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | ***Күзгі желді бақылау***<br>***Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.***<br><br>***Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардын желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка ), желбіреуішпен.***<br><br>***Көркем сөз:***<br><br>***- Бұлт-ау көктен төнесің,***<br><br>***Қайдан көшіп келесің,***<br><br>***- Мухит үрлесе, желемін!***<br><br>***Жел үрлесе желемін!***<br><br>***Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».***<br><br>***Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.***<br><br>***Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.*** | *Гүлзарларды бақылау*<br><br>*Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .*<br><br>*Бақылау*<br><br>*Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.*<br><br>*Тақпақ:*<br><br>*Гүл өсірем үйде*<br><br>*Су құямын күнде*<br><br>*Гүл күткенді біледі*<br><br>*Бойын сылап сүйеді*<br><br>*Күнде гүлін ашады*<br><br>*Жұпарын маған шашады*<br><br>*Ө.Тұрманжанов*<br><br>*Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».*<br><br>*Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,* | *Күзгі жәндіктерді бақылау*<br><br>*Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.*<br><br>*Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қаңқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? ( оларға суық болды) Олар қайда тығылды? ( ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.*<br><br>*Көркем сөз: «Көбелек»*<br>*Көбелек –ау, көбелек!*<br><br>*Әдемісің керемет*<br><br>*Гүлге келіп қона ғой*<br><br>*Өзің де гүл бола ғой.*<br><br>*Қозғалмалы ойын: «Инеліктің әні»*<br><br>*Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.* | ***Маусымдық өзерістерді бақылау***<br>***Мақсаты: маусымдық өзерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.***<br>***Тақпақ:***<br>***Күзде жауын. Бұлт. Тұман***<br>***Сары жапырақ жауады.***<br>***Сары құйын ұйтқыған***<br>***Сапырады ауаны***<br>***Тапталады табанға***<br>***Судыр- судыр жапырақ***<br>***Өрттей сары бояуға***<br>***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев***<br>***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».***<br>***Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.***<br>***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.*** | ***Жаңбырды бақылау***<br><br>***Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзерістерді бақылауды жалғастыру.***<br><br>***Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады.***<br><br>***Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқаның тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққаның тамашалау. Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғаның көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды.***<br><br>***Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген?***<br><br>***Тақпақ***<br><br>***Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер!***<br><br>***Сенен бақша, бауөнер***<br><br>***Жадырасын туған жер***<br><br>***Күміс моншақтама бер***<br><br>***Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.* | *Еңбек алаңында жұмыс істе* | | ***Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру.***<br><br>***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.*** |
| **Балалар ды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта 04 - 08 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы** « Запорожье ауылының жалпы жілім беретін мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас

**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Тақпақ жаттау.**<br><br>Мен анамнан қалмаймын! | **Психогимнастика**<br><br>**«Бүгін өзіңді қалай** | **Саусақ гимнастикасы**<br><br>**Фигураларды орындау** | **Психогимнастика**<br><br>«Жақсы көңіл-күй» | **Саусақ гимнастикасы**<br><br>Біз базарға бардық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Онсыз ешқайда бармаймын!<br><br>Айтыңдаршы, менсіз<br><br>Жарты күн өмір мүмкін бе?<br><br>Анаммен бірге ас үйде де,<br><br>Істерге бірге барамыз,<br><br>Екеуміз мультикті бірге көреміз,<br><br>Алмұртты бөліп жейміз. | **сезінесің?»**<br><br>Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады.<br><br>Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды | **Мақсаты:** ұсақ моториканы дамыту.<br><br>«Үйшік»<br><br>Құбыр және шатыры бар үй тұр,<br><br>Мен балконға серуенуге шықтым.<br><br>«Көзілдірік»<br><br>Әжей көзілдірік киді<br><br>Немересін көрді.<br><br>«Орындық»<br><br>Аяғы, арқасы және орындық –<br><br>Міне, таңқаларлық орындық | Анам дүкенге барды:<br><br>«Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз».<br><br>Бала қуаныштан секіре бастады.<br><br>Осы кезде музыка естіледі.<br><br>Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру.<br><br>Мимика: күлімсіреу. | Алмұрт пен құрма көп,<br><br>Лимон, апельсин бар,<br><br>Қауын, қара өрік, мандарин.<br><br>Біз қарбыз сатып алдық,<br><br>Бұл ең дәмді жүк.<br><br>(Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын**<br><br>**Мақсаты**: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты карауға | **«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны.**<br><br>**Мақсаты**: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. | **«Қармақ» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту | **«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын**<br><br>**Мақсаты**: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту | **«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу<br><br>(қоршаған ортамен танысу +сөйлеуді дамыту | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 7** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Әңгіме «Адам қандай болуы керек?»**<br><br>**Мақсаты**: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту<br><br>(мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық) | **«Адам неге сенуі керек?» ойыны**<br><br>***(Доппен шеңберде)***<br><br>**Мақсаты**: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі | **«Мен кіммін?»**<br><br>**Мақсаты**: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу | **«Өз қорқыныштарың туралы айт» жаттығуы**<br><br>**Мақсаты**: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту | **Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы**<br><br>**Мақсаты**: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету<br><br>**Мақсаты** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту<br><br>«Жұп құр» ойын-жаттығуы<br><br>Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі.<br><br>Педагог тапсырманы орындау | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br><br>**Мақсаты** Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу<br><br>Педагог:<br><br>1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз.<br><br>2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ<br><br>Педагог балаларға сұрақтар | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру<br><br>**Мақсаты** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту<br><br>**«**Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны<br><br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br><br>Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br><br>**Мақсаты** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br><br>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту<br><br>**Менің Отаным**<br><br>Әйнегі – күн,<br><br>Шатыры – аспан,<br><br>Кең далам асқақ.<br><br>Төсі толған егін, | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту<br><br>**Мақсаты** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту<br><br>1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал.<br><br>2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш<br><br>буынды сөзді үш терезелі үймен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады.<br><br>Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық,<br><br>керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине | қояды. Алғашқы қар.<br><br>–Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді?<br><br>–Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады.<br><br>–Өлеңде автор қарды неге теңейді?<br><br>–Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады?<br><br>–Сендерге өлең ұнады ма?<br><br>–Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды?<br><br>–Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар.<br><br>–Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады азақстан Республикам менің! | пи.., бә... | Көлдері күміс шашқан, Қ | сәйкестендір.<br><br>Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді,<br><br>неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет |

**Үзіліс : «Әуедегі атыс»**

| | | |
|---|---|---|
| **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР**<br><br>**Мен қандай адаммын ?**<br>**Мақсаты:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; |   | **Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br><br>**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың |

| | | |
|---|---|---|
| Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .<br> |   | арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді. |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** -заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру<br><br>**Мақсаты** : салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру<br><br>«Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с.<br><br>Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау<br><br>**Мақсаты—**ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру<br><br>**-**Балалар ,татулық дегенді қалай түсінесіңдер?<br><br>-Татулық-достар арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды,ойыншықтармен бөліседі,ренжіспейді,тату-тәтті ойнайды. Сондықтан достық татулықтан басталады.<br><br>-Бүгін біз бірігіп «Хан талапай» асық ойынын ойнаймыз. | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу<br><br>**Мақсаты «**бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.<br><br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.<br><br>Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br><br>**Мақсаты** еліміздің рәміздері туралы білімдерін<br><br>толықтыру.<br><br>**Әңгіме өткізу**.<br><br>– Мемлекеттік рәміздерге не жатады?<br><br>– Мемлекеттік Елтаңба.<br><br>– Мемлекеттік Ту.<br><br>– Мемлекеттік Гимн<br><br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік<br><br>Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің<br><br>тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру<br><br>**Мақсаты**. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету<br><br>Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.<br><br>- Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).<br><br>- Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (Бүтін)<br><br>- Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)<br><br>Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.<br><br>Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді | | | байлықты<br><br>бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі | қанша бөлік қалады? |

## Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

| | | |
|---|---|---|
| **« Өкпені еріту » жаттығуы**<br><br>Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз . |  <br><br>  | **Ойын:** «**Жалауша»**<br>**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>**Мазмұны.**<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.<br>Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ьір ұпай қосады.<br>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. |

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br><br>**Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті** **С**ұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: -** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br><br>**Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). **Мақсаты**:- - Шынайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз қай республикада тұрамыз?<br>– Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?<br>– Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің<br>мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.<br>– Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін<br>әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды | **Мақсаты** тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру<br><br>Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br><br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br><br>Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.<br><br>Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды). | Өлең қалай аталады?<br><br>– Авторы кім?<br><br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br><br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br><br>– Еліміздің қандай рәміздері бар?<br><br>– «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?<br><br>«Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды.<br><br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br><br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді<br><br>эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады | **Мақсаты** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету<br><br>**Ойын: Кім не істейді?**<br><br>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады.<br><br>Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br><br>«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады.<br><br>Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.<br><br>– Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?<br><br>Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды.<br><br>– Менің әкем құрылысшы болып істейді.<br><br>– Менің анам дәрігер болып істейді. | бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу<br><br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану<br><br>- Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру<br><br>**Топтық жұмыстар** |
| **Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br><br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br><br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,**<br><br>**Қарындашқа «жүр», - деші.**<br><br>**«Қара қарындашты**<br><br>**Қаламқас алып тұр», - деші,**<br><br>**Ал енді өзің-ақ**<br><br>**«Р-р-р-р», - деші.** | **Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны<br><br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br><br>**Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. |  |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті: -** ; Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату<br><br>**Мақсаты** Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру<br><br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату,<br><br>**Музыка тыңдау:**<br><br>«Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу<br><br>**Мақсаты** Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту<br><br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Мақсаты** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату,<br><br>**Музыка тыңдау:**<br><br>«Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан)<br><br>Ән айту:<br><br>«Қазақтың жері» (Б. | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру<br><br>**Мақсаты** Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)<br><br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ән айту:<br><br>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)<br><br>«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br><br>Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Шаңырақ» ойыны | қабылдау, допты алақанмен соқпау.<br><br>Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады. | Түзелбекова)<br><br>«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br><br>Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Шаңырақ» ойыны<br><br>Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)<br><br>» | бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды<br><br>ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | ***Аспанды бақылау***<br><br>***Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.*** | *Желді бақылау*<br><br>*Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.* | *Күнді бақылау*<br><br>*Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық,* | ***Су бетіне қатқан мұзды бақылау***<br><br>***Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға*** | ***Қарды бақылау***<br><br>***Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.<br><br>Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)<br><br>Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,<br><br>Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.<br><br>Тақпақ «Аспанда»<br><br>Аспан бұлтқа толып кетті.<br><br>Бұлттар түлік болып кетті.<br><br>Бір бұлт шықты бие болып<br><br>Бір бұлт шықты түйе болып<br><br>Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты»<br><br>Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту. | Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанық бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.<br><br>Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады<br><br>Аяғы жоқ-қашады. (Жел)<br><br>Тақпақ:<br><br>Жел тынымсыз гүілдеп<br><br>Болып кетті тым бұзық<br><br>Шуылдайды тал, терек,<br><br>Жапырағын жұлғызып.<br><br>Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»<br><br>Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу.<br><br>Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу | бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.<br><br>Жұмбақ:<br><br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br><br>Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)<br><br>Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.<br><br>Тақпақ:<br><br>Шұғылалы күніміз<br><br>Бақшамызға барамыз<br><br>Күнге қарап жайқалып<br><br>Біз өсіп бармыз.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»<br><br>Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту | тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.<br><br>Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.<br><br>Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)<br><br>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.<br><br>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»<br><br>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».<br><br>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу. | қарандаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br><br>Жұмбақ: Жылт-жылт етеді,<br><br>Ұстасақ еріп кетеді. (қар)<br><br>Болжам: көп қар- көп нан.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».<br><br>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. |
| **Балаларды үйге қайтару** | **Ата –аналарға кеңес**<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, | **Ата –аналарға кеңес**<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | белдеушесіз. | | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Жоспардың құрылу кезеңі** **11-апта** 11 – 15 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы
**Білім беру ұйымы** « Запорожье ауылының жалпы жілім беретін мектебі»КММ
**Мектепалды даярлық** сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **«Мүсін» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту | **«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру | **«Не жоғалды?» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту | **«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту | **«Сен қалай өмір сүресің» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: балаларда қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдысы, қозғалысты үйлестіру қабілетін дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын**<br><br>**Мақсаты**: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету | **«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету | **Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу | **«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын**<br><br>**Мақсаты**: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету | «**Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 7 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу | **«Төртінші артық» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру | **Жаңылтпаш**<br><br>«Сіз бізді іздемеңіз ана:<br><br>Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз»<br><br>**Мақсаты**: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету | **«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ | **«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | **Міндеті:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту<br><br>**Мақсаты:** сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды<br><br>ретімен атай білу дағдыларын бекіту.<br><br>**«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы**<br><br>**(**Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)<br><br>– Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br><br>Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы,<br><br>тамызық, таға, тақылдақ, таң<br><br>-ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br><br>Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы,<br><br>бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық<br><br>-са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br><br>Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, | **Міндеті:** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br><br>**Мақсаты** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br><br>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту<br><br>**Менің Отаным**<br><br>Әйнегі – күн,<br><br>Шатыры – аспан,<br><br>Кең далам асқақ.<br><br>Төсі толған егін,<br><br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан Республикам менің! | **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну<br><br>**Мақсаты** әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін<br><br>түсіндіру.<br><br>**«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі.<br><br>– Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық.<br><br>Сызбаларға белгілейік.<br><br>Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын,<br><br>қап сөзінде соңында тұрғанын айтады | **Міндеті: -** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br><br>**Мақсаты** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br><br>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту<br><br>Сөйлемдердің үш түрі болады.<br><br>Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br><br>**«Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br><br>**Ойын шарты**: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою | **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу<br><br>**Мақсаты** . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба<br><br>білуге үйрету.<br><br>**«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны**<br><br>– Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде<br><br>тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар.<br><br>Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер.<br><br>Л дыбысын орнан анықтаймыз.<br><br>Мысалы: (п) піл, апа, қап.<br><br>Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | самал, сал, сауық, сауыншы,<br><br>сатушы, сауап, сауықшыл, сан<br><br>Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады | | | | |

**Үзіліс :**

| | | |
|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»**<br>***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау<br><br>Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу<br><br>Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру,<br><br>суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу.<br><br>өсімдіктерді бейнелеу.<br><br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**Тақырыбы: «Зертеушілер»**<br>***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету.<br><br>***Жағдаят:***<br><br>Зерттеу обьектісін тандау;<br><br>Зертхананы құру ;<br><br>Проведение опытной работы;<br><br>Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін жұрналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.<br> | ***Сюжеттік ойын:*** **Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын**<br>**Мақсаты :**<br><br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br><br>**Жағдаят:**<br>Үстелді таңдау;<br><br>Ас мәзірімен танысу;<br><br>Тапсырысты қабылдау ;<br><br>Тапсырысты орындау;<br><br>Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br><br>Тапсырысқа төлеу;<br><br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.<br> |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** - Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті :** Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті** Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты** : «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру**.**<br><br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br><br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады.<br><br>Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.<br><br>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?<br><br>– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.<br><br>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.<br><br>«=» белгісін қоюға болады | **Мақсаты: Жол белгілерінің қауіпсіздік**<br><br>**сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу**<br><br>**Жұмбақ жасыру.**<br><br>Өзі сөйлей білмейді,<br><br>Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді.<br><br>– Бағдаршам.<br><br>**«Бағдаршам» ойыны**<br><br>**Жүргізуші**:<br><br>– Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті<br><br>көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып<br><br>жүресіңдер.<br><br>– Көшеге шыққанда неге мән беру керек?<br><br>– Жол белгілеріне мән беру керек. | санау және салыстыру<br><br>**Мақсаты**: Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту<br><br>1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.<br><br>- Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)<br><br>- Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)<br><br>- Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)<br><br>- Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)<br><br>- Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)<br><br>- Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) | велосипед, арналған жол) білу<br><br>**Мақсаты: Жол белгілерінің қауіпсіздік**<br><br>**сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу**<br><br>**Жұмбақ жасыру.**<br><br>Өзі сөйлей білмейді,<br><br>Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді.<br><br>– Бағдаршам.<br><br>**«Бағдаршам» ойыны**<br><br>**Жүргізуші**:<br><br>– Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті<br><br>көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып<br><br>жүресіңдер.<br><br>– Көшеге шыққанда неге мән беру керек?<br><br>– Жол белгілеріне мән беру керек. | **Мақсаты** Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту<br><br>тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз.<br><br>Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады.<br><br>Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады. | | |

**Үзіліс:**

**Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»**
**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.

**Ойынның шарты:**Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.

**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла

**Ойынның нұсқаулары:**Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



**Ойын: «Оюларды құрастыр»**

**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері
**Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.



**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: -** -Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру<br>**Мақсаты** сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру<br><br>Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның<br><br>астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан<br><br>(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан –<br><br>біздің Отанымыз.<br><br>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.<br><br>– Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.<br><br>Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.<br><br>Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз). | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті**: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br><br>**Мақсаты** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету<br><br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br><br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.<br><br>Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.<br><br>Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br><br>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-ғарышкер<br><br>**Жаңылтпашпен таныстыру.**<br><br>Ұшқыш меңгергенді<br><br>Дәрігер меңгере ала ма?<br><br>Дәрігер меңгергенді<br><br>Ұшқыш меңгере ала ма?<br><br>Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: -** Өлеңді дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жерін,Отанын сүюге тәрбиелеу.Имандылық адамгершілік тәрбиесіндегіүлгі-өнеге сөздерді үйретіп,елді қорғауға баулу.<br>**Мақсаты** сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру<br><br>Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның<br><br>астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан<br><br>(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан –<br><br>біздің Отанымыз.<br><br>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.<br><br>– Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br><br>**Мақсаты** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету<br><br>1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br><br>**Міндеті**: . - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br><br>**Мақсаты:-**<br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | атты әңгімесімен танысамыз.<br><br>Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.<br><br>Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз | | |

**Үзіліс:**

***Сюжеттік ойын:***
**Тақырыбы: «Сән ательесі»**
***Мақсаты:*** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.
**Көрнекілік:** жаңаша киімдер,ұлттық киімдер
**Ойын барысы** : бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.





***Сюжеттік ойын:***
**Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»**
***Мақсаты:*** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.
**Қажетті атрибуттар:** ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған доңгелектер.
**Ойын шарты.** Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.
Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.
Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.
Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.
Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.





**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті: -** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу<br><br>**Мақсаты:** Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау<br><br>**«Допты еденге соқ»**. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br><br>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br><br>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет | **Міндеті:** Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту<br><br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру<br><br>**Музыка тыңдау:**«Желтоқсан» (П. **Чайковский)**<br><br>***Ән айту***:«Шырша әні» (К. Қуатбаев)<br><br>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).<br><br>**Мақсаты** Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету<br><br>«**Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады | **Міндеті:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту<br><br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру<br><br>**Музыка тыңдау:**<br><br>«Желтоқсан» (П. **Чайковский)**<br><br>**Ән айту**:<br><br>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)<br><br>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br><br>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | **Міндеті: -** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,<br><br>**Мақсаты** Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет**)<br><br>Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.<br><br>«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге | Киімдерді реттілікті сақтап | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс | Киімдерді реттілікті сақтап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінуге үйрету. | үйрету. | дұрыс киінуге үйрету. | киінуге үйрету. | дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | ***Судың қатқанын бақылау***<br><br>***Мақсаты: судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.***<br><br>***Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?***<br><br>***Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.***<br><br>***Тақпақ:***<br><br>***Қар жатыр аппақ***<br><br>***Ойнауға жақсы-ақ***<br><br>***Осындай шақта***<br><br>***Кім үйде жатпақ?***<br><br>***Жұмбақ:Қолы жоқ сурет салады,***<br><br>***Аузы жоқ тістен алады.***<br>***(Аяз)***<br><br>***Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс».***<br><br>***Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту.***<br><br>***Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.*** | *Тоғайларды бақылау*<br><br>*Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;*<br><br>*Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.*<br><br>*Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.*<br><br>*Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»*<br><br>*Тақпақ:*<br><br>*Қазақ жері –сәніміз*<br><br>*Мәуесі мол бағымыз*<br><br>*Саясында жетілер*<br><br>*Балдай бала шағымыз.*<br><br>*Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»* | *Ағаштар мен бұтақтарды бақылау*<br><br>*Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.*<br><br>*Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру.*<br><br>*Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.*<br><br>*Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.*<br><br>*Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.*<br><br>*Тақпақ: «Қарағай»*<br><br>*Көкке бойын созады,*<br><br>*Көпке қолын созады.*<br><br>*Кең құшағын ашады,*<br><br>*Көлеңкесін тосады*<br><br>*Көп қарағай,қарағай*<br><br>*Мейірбанды анадай.*<br><br>*Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»* | ***Қар үстіндегі іздерді бақылау***<br><br>***Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.***<br><br>***Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?***<br><br>***Тақпақ:***<br><br>***Ақ киімді денелі, ақ сақалды,***<br><br>***Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,***<br><br>***Үсті – басы ақ қырау түсі суық,***<br><br>***Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)***<br><br>***Мақал: Жемберсең қыста құсқа-сауабы тиер оның жазда.***<br><br>***Қимылды ойын: «Ақ қоян»***<br><br>***Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.***<br><br>***Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.***<br><br>***Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем*** | ***Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу***<br><br>***Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.***<br><br>***Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.***<br><br>***Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.***<br><br>***Тақпақ:***<br><br>***Жазда көлге мұз қатты,***<br><br>***Табанымды мұздатты.***<br><br>***Мұз ойылып кетті тез,***<br><br>***Күліп едік, біз қатты.***<br><br>***Қимылды ойын «Ортаға түспек»***<br><br>***Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.* | *Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау* | ***салу*** | ***Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз<br><br>. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |
| | | | | | |

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Жоспардың құрылу кезеңі** **111-апта** 18 – 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

**Білім беру ұйымы** « Запорожье ауылының жалпы жілім беретін мектебі»КММ

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | «Түсті табу» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту | «Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын<br><br>Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету | «Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту. | Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту | «Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын<br><br>Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Лото» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсат**ы: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту | **«Болады-болмайды» доп ойыны**<br><br>**Мақсаты**: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту | **«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты:** пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау | **«Маймылдар» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру | **«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 8 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары | Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны | Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау | «Кір-қожалақ қыз» драма-ойын | «Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу<br><br>Мақсаты: салауатты өмір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру | «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету | Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту | салтының алғышарттарын қалыптастыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру<br><br>**Мақсаты** өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау<br><br>**«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны**<br><br>1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар).<br><br>2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар)<br><br>3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім).<br><br>4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім). | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: -** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br><br>**Мақсаты** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру<br><br>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.<br><br>Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.<br><br>Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.<br><br>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:<br><br>Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.<br><br>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.<br><br>**Дидактикалық ойын:** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету<br><br>**Мақсаты** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту<br><br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)**<br><br>**–** Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала<br><br>допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта<br><br>алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.<br><br>Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br><br>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,<br><br>**Мақсаты** : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.<br><br>**–**Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды.<br><br>**Демонстрациялық материал**.<br><br>–Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.<br><br>–Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар.<br><br>«Бұл суреттің тақырыбын сендер | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай бастыру, бояу<br><br>**Мақсаты** Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді<br><br>қасиеттерін дамыту<br><br>**«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы**<br><br>– Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер<br><br>соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.<br><br>Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы,<br><br>балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ,<br><br>бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл,<br><br>ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Суретті жалғастыр».**<br><br>**Мақсаты**: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта | Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып,<br><br>келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға<br><br>жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.<br><br>Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман),<br><br>о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был),<br><br>да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия). | қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог.<br><br>Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады.<br><br>–Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды | шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз |
| **Үзіліс :** | | | | | |

***Сюжетті - рөлді ойын:* «Тігінші»**

***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

***Ойын  барысы:***

Ұйымдастыру кезеңі.

Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.

***Ойын: «Дұрысын тап»***

**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.

Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.

Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?

Шаштараз не киеді?

Балалар белгілеп береді.

- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

***Ойын:«Тігінші»***

***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)

Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.

Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.





***Артикуляциялық жаттығулар:***

***Ойын:*« Часы» «Сағат»**

***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

***«Дәмді тосап»***

***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

***Әдістемелік нұсқау.***

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.

2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.

3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.

4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



***Саусақ ойыны:* « Тасбақа»**

***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.

саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

**1.Тасбақа**

Тасбақа, тасбақа,

Тас астында тұрады.

Басын баяу шығарып,

Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

**Фонетикалық жаттығулар**

**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.**1**

**.Баудағы кім?** Ара болсаң, ызыңда



**З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж**

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?

**(з- з-з)** - қатты\жай

| | | |
|---|---|---|
|  |  <br> <br>  | **2.Жыланның ысылы.**<br><br>Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....<br><br><br><br>**3.Шалқан**. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.<br><br> <br><br> |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру<br><br>**Мақсаты** : 10 көлемінде тура | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау<br><br>**Мақсаты** теңдік және теңсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br><br>Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады.<br><br>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды.<br><br>Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды | білу<br><br>Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту**(кірікт16.12)**<br><br>**Мақсаты** Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру<br><br>«Жолдан өту» ойыны.<br>Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады.<br>Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді<br>**Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.**<br>Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді.<br>– Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар<br>басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады.<br>Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ<br>аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап<br>кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді».<br>Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске<br>түсіреді | оларға дұрыс жауап беру<br><br>**Мақсаты:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру<br><br>Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.<br><br><br><br>Сонымен<br><br>10 – 1 = 9<br><br>9 –1 = 8<br><br>8 – 1 = 7<br><br>7 – 1 = 6 | ережелерін сақтау<br><br>**Мақсаты** Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу<br><br>**«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны**.<br><br>– Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен<br><br>сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген<br><br>жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында<br><br>жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол –<br><br>жеңімпаз.<br><br>– Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт).<br><br>– Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші).<br><br>– Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші).<br><br>– Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы).<br><br>– Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан).<br><br>– Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат<br><br>немесе жол-көлік оқиғасы).<br><br>– Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). | туралы ұғым қалыптастыру.<br><br>Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі.<br><br>Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады.<br><br>Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.<br><br>Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br><br>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br><br>– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді?<br><br>(Зебра/алаша атты еске түсіреді).<br><br>– Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен).<br><br>– Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа<br><br>қарсы).<br><br>– Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған?<br><br>(«Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері).<br><br>– Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында).<br><br>Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды | |

**Үзіліс:**

| | | |
|---|---|---|
| **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**<br><br>**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*<br><br>**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. |  | **Үстел үстінде ойналатын ойындар.**<br><br>**Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин)<br><br>**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.<br><br>**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар. |

| | | |
|---|---|---|
| **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br><br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. | | **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады. |

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | Көркем әдебиет | Қазақ тілі | Көркем әдебиет | Қазақ тілі | Шығармашылық бейнелеу әрекеті |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті: -** -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту<br><br>-Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну(**кірікт.16.12)**<br><br>**Мақсаты** - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу<br>Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>– Орманда қандай құстар өмір сүреді?<br>– Тоқылдақ не істеп жатыр?<br>– Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.<br>Әңгіме – әдеби жанрдың | **Міндеті -** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br><br>**Мақсаты** қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету .<br><br>-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.<br><br>1-жағдаят:<br><br>Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.<br><br>– Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.<br><br>– Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? | **Міндеті:** -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару<br>**Мақсаты:** әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға<br><br>жетелеу.<br><br>**Жұмбақты шеш.**<br><br>Тоқылдатып, мазаны ап,<br><br>Ағаштарды тазалап,<br><br>Ормандарды емдейді,<br><br>Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)<br><br>3. Суретте қай құс жасырынған? Боя.<br><br>4. Ұйқасын тап.<br><br>Тұмсығымен шымшып,<br><br>Құрт тереді ... . (Шымшық)<br><br>**Ойын-жаттығу: «Қыстап** | **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу<br><br>**Мақсаты** сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.<br><br>**Мақал-мәтелдерді жаттап ал.**<br>Әдептілікті данадан үйрен.<br>«Сіз» деген – әдеп,<br>«Біз» деген – көмек.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Ойын «Сұраққа жауап бер».**<br>– Сен әдепті баласың ба?<br>– Иә. Мен әдепті баламын.<br>– Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?<br>– Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын. | **Міндеті:** -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру<br>Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу<br><br>-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау<br><br>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару<br><br>-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру<br><br>Жаңажылмерекесітуралытүсініктерін арттыру<br><br>- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру<br><br>-- сюжеттік композициялар жасайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.<br><br>-Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)<br><br>Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді,  бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.<br><br>-Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br><br>-Неше бөлік шықты? (екі)<br><br>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.<br><br>Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға  көмектеседі.<br><br>Педагог жасыл дөңгелекті алады.<br><br>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді.  - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)<br><br>–Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.<br><br>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br><br>Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.<br><br>–Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. | жасалатындығын түсіндіру;   кез   келген затқа    ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу<br><br>**Табиғи заттармен жұмыс**: түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру.<br><br>— Алдарыңдағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің?<br><br>**Ойын.  «Ажырата біл!».** Ойын барысыңда мұғалім тірі және өлі табиғат заттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәледдейді.<br><br>Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру:<br><br>-Су қыста қандай түрде кездеседі?<br><br>-Суды қолға үйіп ұстауға бола ма?<br><br>-Су қайнағанда неге йналады?<br><br>-Мұз ерігенде не пайда болады?<br><br>Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай | Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.<br><br>Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br><br>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br><br>–Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз<br><br>–Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br><br>Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)<br><br>Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).<br><br>–Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?<br><br>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).<br><br>–Ал шаршының төрттен бірі?<br><br>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).<br><br>–Жартылар  тең бе екенін тексерейік.<br><br>Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.<br><br>Фигуралар сәйкес пе? Рас, | шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.<br><br>Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.<br><br>Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді. | Практикалық жұмыс ұсынылады.<br><br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br><br>Демонстрациялық материалмен жұмыс<br><br>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың  21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.<br><br>-Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)<br><br>-Қанша бөлік шықты? (үш)<br><br>–Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.<br><br>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)   Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға  көмектеседі. | тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру . Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы түсінуінің алғашқы шартын жасау. | бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.<br><br>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.<br><br>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай<br><br>Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br><br>Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды | | |
| **Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**<br><br>**Ойын:***Жүретін саусақтар.*<br><br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br><br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br><br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |  | **Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин)<br><br>**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.<br><br>**Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар.<br><br>**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады. |

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті:** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт-<br>**Мақсаты:** әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру<br><br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br><br>–Өлең қалай аталады?<br><br>–Өлеңде не туралы айтылған? | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті -** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,<br><br>**Мақсаты** шағын мәтін құруға жаттықтыру.<br><br>Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».<br><br>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.<br><br>– Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?<br><br>Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.<br><br>– Мен ... (көшенің аты) | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: -** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br><br>**Мақсаты** . әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру<br>–Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді?<br>–Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр?<br>–Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс?<br>–Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен.<br>Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік.<br>Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз. | **Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті:** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,<br><br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>**Сурет бойынша жұмыс**.<br><br>– Мынау – пәтер. Мынау не?<br><br>– Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).<br><br>– Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.<br><br>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br><br>**Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану<br><br>-- Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br><br>--<br><br>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру<br><br>-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру<br><br>**Мақсаты:-** мерекелік дастарханды бейнелей білуге үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Саған ұнады ма?<br><br>–Жақсы деп қандай баланы айтамыз?<br><br>Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз?<br><br>–Сен қандай бала болғың келеді?<br><br>Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br><br>Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды.<br><br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады | көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын.<br><br>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме?<br><br>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар?<br><br>Суретпен жұмыс.<br><br>– Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?<br><br>– Мынау – балалар бөлмесі. | –Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>–Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз.<br>Педагог тақпақты оқып беріп, жаттатады.<br><br>Жақсы мен жаман<br>Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып,<br>Жүреді ол таранып. | Бөлмелерді санайды.<br><br>Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй ) қалай аталатынын айтады. Ондағы<br><br>таныс заттарды естеріне түсірту.<br><br>– Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).<br><br>– Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар).<br><br>– Мынау қандай бөлме?<br><br>– Мынау – асүй. Мынау – ...<br><br>– Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...) | **Топтық жұмыс** |

**Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны**

| | | |
|---|---|---|
| **Еліктеу ойындары:**<br>“Кім жақсы айтады”<br><br>**Р-р-р-ррр** **Ы-ы-ыы-ыыы**<br><br>  | ***Гүлдерді иіскейік.*** Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады. | ***Ойын: «Өзен»***<br><br>**Кішкене өзен арқылы.**<br>**Мақсаты:** **б**алаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.<br>**Көрнекіліктер:**тақтай,жіп.<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** -Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою<br><br>**Мақсаты:** Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау<br><br>I.«Құмырсқалар соқпақпен келеді».<br><br>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.<br><br>Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады.<br><br>Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру. | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру<br><br>**Мақсаты** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br><br>**Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту:<br><br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br><br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br><br>Билер: «Испан биі»<br><br>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар»<br><br>ойыны<br><br>Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Полька» (А. Филиппенко) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** - - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br><br>**Мақсаты -** Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау<br><br>«Тауға өрмелеп шығу».<br><br>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды. Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі.<br><br>Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.<br><br>«Құмырсқаға үй тұрғызу»: | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** - Балаларға «Қаражорға» биін билету<br><br>**Мақсаты** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br><br>**Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту:<br><br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br><br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br><br>Билер: «Испан биі»<br><br>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар»<br><br>ойыны<br><br>Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Полька» (А. Филиппенко) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті**: - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу<br><br>**Мақсаты** Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету .<br><br>I«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады.<br><br>Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.<br><br>II. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2):<br><br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет.<br><br>Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады. | | секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе<br><br>руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын<br><br>орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br><br>**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br><br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br><br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл<br><br>ген тапсырманы тия- | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br><br>**Еңбек:** «Таза алаң».<br><br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>***Жеке жұмыс:* Е.Өтетілеуов** | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік<br><br>терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Тақпақ:**<br><br>Аппақ көше, бар дала, | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br><br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен карауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс ұстауға үйрету.<br><br>**Қим.ойын**: **«**Сырғанақ тебу».<br><br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br><br>**Жеке жұмыс:**<br><br>**(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)**<br><br>Жұмбақ. Терезеге қонады,<br><br>Әсем ою ояды.(Аяз).<br><br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет<br><br>терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | нақты орындауларын қадағалау.<br><br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br><br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br><br>Жаңа жылда-жаңа нұр. | **«Күшік».**<br><br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br><br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br><br>Үреді үйшікте<br><br>Аулада күшіктер<br><br>Біреуі оның қап-қара,<br><br>Біреуі сары ала<br><br>Біреуі қардай ақ,<br><br>Біреуі сұр жолақ<br><br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап<br><br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br><br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br><br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | Аппақ ой мен қыраттар.<br><br>Ақ шатырлы қар қала,<br><br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br><br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br><br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып,<br><br>үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br><br>**Жеке жұмыс: «**Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br><br>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)<br><br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын<br><br>жүйелеп жеткізе білуге үйрету.<br><br>**Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау».<br><br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br><br>(Күн)<br><br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-<br><br>рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br><br>**Қимылды ойын:**«Айгөлек».<br><br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-<br><br>дыққа , ептілікке баулу. |
| **Балалар дың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Запорожье ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

**Мектепалды даярлық** О «а» сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **ІІ-апта** 15 – 19 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 16.01.2023** | **Сейсенбі 17.01.2023** | **Сәрсенбі 18.01.2023** | **Бейсенбі 19.01.2023** | **Жұма 20.01.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Д/ойын:«Ғажайып қоржын»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br>**қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д\ойын«Бұл қай кезде болады»**<br>**Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет | **Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»**<br>**Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау.<br>**Қажетті құралдар**: Цифрлар бала санына | **Д/ойын:«Қателесіп қалма?».**<br>**Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.<br>**Қажетті құралдар**: текше | Д/ ойын:<br>«Гүл шоғын құрастыр».<br>Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br>Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Жер-Ана, сағанмыңалғыс,<br>Сыйлайсыңбізгеқуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да! | Көк аспанда күнкүлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. | Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен<br>Бүгінгі күнді бастайық. | Жарқырап,күн де ашылды<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлыкүн! Бізсүйкімдібаламыз | Армысың шапағатты Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:Біз не үйрендік**<br>**Нені білдік?**<br>**Міндеті**: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту<br>**Мақсаты** балалардың білімін | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:Біз сөйлем құрай аламыз.**<br>**Міндеті**: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту<br>**Мақсаты** балалардың білімін | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыыыыбы:Біз сөйлем құрай аламыз.**<br>**Міндеті** -Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту<br>**Мақсаты** Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.**<br>**Міндеті:** - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу<br>**Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын | **Математика негіздері**<br>**Міндеті: -** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру**.**<br>**Мақсаты** : шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бекіту<br><br>**«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br><br>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны<br><br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<br><br>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.<br><br>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br><br>– Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.<br><br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды | бекіту<br><br>**«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы**<br><br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br><br>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны<br><br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<br><br>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.<br><br>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br><br>– Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.<br><br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды | «Сөз жина» дидактикалық жаттығуы<br><br>–Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».<br><br>–Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар?<br><br>–Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді. | қалыптастыру<br><br>**Проблемалық іздеу тапсырмасы:**<br><br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br><br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br><br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br><br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, | қалыптастыру<br><br>**Практикалық жұмыс**<br><br>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем.<br><br>Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br><br>–Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br><br>–Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br><br>–Қызыл таспа неше шартты өлшемге<br><br>тең?<br><br>–Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br><br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br><br>Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.<br><br>Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді |
| **Үзіліс :** | | | | | |

| | |
|---|---|
| ***Саусақ ойындары***<br>**Ойын:***Су толтыру.*<br><br>**Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.<br><br>**Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.<br><br>**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. | ***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.***<br><br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br><br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br><br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | Сөйлеуді дамыту | Көркем әдебиет | Математика негіздері | Көркем әдебиет | Музыка |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:Ақсақ құлан аңызы.**<br><br>**Міндеті:** -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br><br>**Мақсаты** «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br><br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br><br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br><br>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. | **Тақырыбы:Бір уыс мақта**<br><br>**Міндеті: -** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br><br>**Мақсаты** Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу<br>Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсыңдар?<br>–Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма?<br>–Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. | **Тақырыбы:Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.**<br><br>**Міндеті:** - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу<br><br>**Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Проблемалық іздеу** | **Тақырыбы:Бір уыс мақта**<br><br>**Міндеті:** - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Мақсаты:** -Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру<br><br>1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.<br><br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.<br><br>2.Жұмбақты шеш. Ә дегеннен тап береді, | **Тақырыбы:Бұл қай кзде болады?**<br><br>**Міндеті:** - Мәтінге сәйкес әнді сахналау<br><br>**Мақсаты** Шығармалардың эмоциялық<br><br>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br><br>Музыка тыңдау: «Қыс»<br><br>(Б. Ерзакович) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін. | Ертегі ойдан, қиялдан туады<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:<br>–Ертегі қалай аталады?<br>–Кедей қайда барды?<br>–Балта қайда түсіп кетті?<br>–Балта не үшін қажет?<br>–Диірменші қандай балталар ұсынды?<br>–Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді?<br>–Бай не істеді?<br>–Ертегі қалай аяқталды? | **тапсырмасы:**<br><br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br><br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br><br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br><br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады.<br><br>Санайды.<br><br>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең? | Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта)<br><br>Ескегі бар, жүзбейді,<br><br>Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен) | Ән айту: «Зырлайды шанамыз»<br><br>( М. Маңғытаев)<br><br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br><br>Билер: «Испан биі»<br><br>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Кешікпе» орыстың х.ә.<br><br>(өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Полька» (А. Филиппенко |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Үзіліс:**

| | |
|---|---|
| **Дидактикалық ойын:**<br>*«Домино»*<br>**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>**Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. | **«Сүйікті қаламызға саяхат»**<br>**Мақсаты**:Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.<br>**Ойынның барысы**:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы:Әтеш қай кезде шақырады?**<br><br>**Міндеті: -** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату<br><br>**Мақсаты** Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Табиғатты суреттеу**. | **Музыка**<br><br>**Тақырыбы:Бұл қай кезде болады?**<br><br>**Міндеті:** -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару<br><br>**Мақсаты** Шығармалардың эмоциялық<br><br>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br><br>**Музыка тыңдау: «Қыс»**<br><br>**(Б. Ерзакович)**<br><br>Ән айту: «Зырлайды шанамыз»<br><br>( М. Маңғытаев) | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы:Асырынды үй жаңуарларынқалай күтіп баптаймыз.**<br><br>**Міндеті: -** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату<br><br>**Мақсаты** Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:Су торғайы**<br><br>**Міндеті: -**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br><br>**Мақсаты** «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br><br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br><br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br><br>–Құланның да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.<br><br>–Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін | **Шығармашылық**<br><br>**Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы:Қоржынды сәндеу**<br><br>**Міндеті:** - Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру<br><br>- - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу<br><br>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру<br><br>-- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі<br><br>табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз?<br><br>Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу.<br><br>Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық. Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық.<br><br>Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың | «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br><br>Билер: «Испан биі»<br><br>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br><br>«Кешікпе» орыстың х.ә.<br><br>(өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Полька» (А. Филиппенко) | **Табиғатты суреттеу**.<br><br>Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі<br><br>табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз?<br><br>Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы | | пішінге өзгерте білуді бекіту<br><br>**Мақсаты:**- қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету<br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. | | | | |

**Үзіліс: . Жүгіруге арналған ойындар**

**«Торғайларп мен мысық»**









Ойын: «Торғайлар мен мысық»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты:Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы:Жігіттер сайысы**<br><br>**Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею<br><br>**Мақсаты:** - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету<br><br>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін<br><br>(машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап). | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:Қысқы киім**<br><br>**Міндеті:** - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру<br><br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>ретін сақтай отырып<br><br>сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру<br><br>**Ойын: «Қандай сөз артық?».** Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз<br><br>артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін<br><br>фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы:Ұлы есімдер**<br><br>**Міндеті: -** - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br><br>**Мақсаты -** Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br><br>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br><br>**Қозғалыс ойындары: «Сағат»**<br><br>Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады.<br><br>Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы). | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:Ұлттық киім**<br><br>**Міндеті:** - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру<br><br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>ретін сақтай отырып<br><br>сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру<br><br>**Ойын: «Қандай сөз артық?».** Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз<br><br>артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады | **Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырыбы:Желаяқтар**<br><br>**Міндеті**: - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу<br><br>**Мақсаты** Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу<br><br>Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».**<br><br>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | . | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br><br>**Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br><br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала-<br><br>рдың жұмысын бақы | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br><br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br><br>**Еңбек: «**Таза алаң». | **Бақылау:** Мұздақты бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.<br><br>**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю.<br><br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы».<br><br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін<br><br>айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br><br>Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт<br>**Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қим.ойын:** «Мені қуып жет».<br><br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту. | **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл<br><br>ген тапсырманы тия-<br><br>нақты орындауларын қадағалау.<br><br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br><br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br><br>Жаңа жылда-жаңа нұр.<br><br>Жасыл шырша жанында<br><br>Жадырап бар бала жүр.<br><br>**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Ойын:** «Тышқан мен мысық».<br><br>**Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. | **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br><br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br><br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату"<br><br>Отқа жанбас,<br>Суға батпас" (**мұз**)<br><br>**Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату<br><br>арқылы сөздік қорын молату.<br><br>Есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>**Қимылдық ойын: «**Қазан».<br><br>**Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру.<br><br>Балалардың көңілдерін көтеру. | Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:**<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br><br>(Күн)<br><br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-<br><br>рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br><br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-<br><br>дыққа , ептілікке баулу. |
| **Балалар дың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Запорожье ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

**Тәрбиеші:Дузбенбетова Мадина Муратбековна**

**Мектепалды даярлық** О «а» сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **III-апта** 22 – 26қаңтар 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 22.01.2024** | **Сейсенбі 23.01.2024** | **Сәрсенбі 24.01.2024** | **Бейсенбі 25.01.2024** | **Жұма 26.01.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Д/ойын:«Өз орнын тап»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br>**қажетті құралдар**: Ғажайып коржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д\ойын«Бұл қай кезде болады»**<br>**Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет | **Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»**<br>**Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау.<br>**Қажетті құралдар**: Цифрлар бала санына | **Д/ойын:«Қателесіп қалма?».**<br>**Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.<br>**Қажетті құралдар**: текше | Д/ ойын:<br>«Гүл шоғын құрастыр».<br>Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br>Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел үсті театры:**<br><br>«Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.<br><br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру **«Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.»**<br><br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Ойын– жаттығу:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br><br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын:** «Гүлдерді тауып, оларды атап бер»<br>Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Асапан ашық,көгілдір,<br><br>Күн шуағын төгіп тұр!<br><br>Қол ұстасқан біздерді,<br><br>Тереземенен көріп тұр | **Шаттық шеңбері:**<br><br>**«Ақ тілек»**<br><br>Адал жақсы ниетпен<br><br>Бар адамға бақ тілеп.<br><br>Жарып шыққан жүректен,<br><br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | **Шаттық шеңбері:**<br><br>**«Сиқырлы таяқша»**<br><br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br><br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br><br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br><br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін!<br><br>Мен бәріңе Денсаулық тілеймін! | **Шаттық шеңбері:**<br><br>**«Қыс»**<br><br>Боран соғар оң жақтан,<br><br>Боран соғар сол жақтан.<br><br>Қар лақтырып ойнасақ,<br><br>Суық өтер қолғаптан. | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті** Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдір<br><br>**Мақсаты** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін<br><br>пысықтау<br><br>**Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»**<br><br>**–** Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы<br><br>суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br><br>**Мақсаты** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру<br><br>–Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br><br>–Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады.<br><br>–Кемелер жүзу үшін не керек?<br><br>Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br><br>**Мақсаты**<br><br>дыбыстық талдау туралы алған білімдерін<br><br>пысықтау<br><br>**Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»**<br><br>– Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдері зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру**<br><br>**Мақсаты** Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір<br><br>**Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.**<br><br>**–**Өлең не туралы?<br><br>–Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйшікке, ал<br><br>дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар.<br><br>Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.<br><br>Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)<br><br>– Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып<br><br>айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.<br><br>Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-<br><br>қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір-<br><br>шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа,<br><br>жалпақ-жіңішке т.б**.** | –Кеме не үшін керек?<br><br>Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.<br><br>Міне, Кеме, Мінем, Мен де.<br><br>Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын.<br><br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.<br><br>Кемемізді жағалаулар шақырады | атап, атуын шапалақпен буынға<br><br>бөліңдер.<br><br>Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-<br><br>е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян,<br><br>түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек,<br><br>қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б**.** | –Алыс шалғайда не көрінеді?<br><br>–Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар.<br><br>–Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br><br>Сөздік жұмыс.<br><br>Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада<br><br>Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Үзіліс:»**

| | | |
|---|---|---|
| **Қимылды ойын:**<br>**« Күн мен түн »**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br><br>**Ойын мазмұны:**<br><br>Балалар бірі « Күн»,<br>екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. | **Қимылды ойын:« Көги-гөк »**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br><br>**Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:<br><br>Гөк, гөк, көги көк,<br><br>Гөк, гөк, көги гөк.<br><br>Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді.<br><br>Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.<br><br>Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай<br>тізіліп « кемпірге» келеді.<br><br>« Кемпір»<br><br>Әлгің қайда?<br><br>Қалды сайда!-деп сұрайды. | **Қимылды ойын:**<br>**« Аққу-қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.<br><br>**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап,<br><br>Барасыңдар қай жаққа.<br><br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап,<br><br>Жатқан жасыл аймаққа.<br><br>Бақташы: Біздің жерге түсе кет,<br><br>Түсіп сусын іше кет.<br><br>Қаздар: Сіздің жерге түсеміз<br><br>Түсіп сусын ішеміз. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар бәрі бірдей.<br><br>Әлгің қайда?-<br><br>Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді. | Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br><br>Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,<br><br>Жолды тосып тұр сұр қасқыр.<br><br>Бақташы: Олай болса, қалаған,<br><br>Жақтарыңа бар аман.<br><br>Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** - Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа -<br><br>**Мақсаты** : Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту<br><br>–<br><br>. Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** - Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату<br><br>**Мақсаты** Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету<br><br>**«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br><br>Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру<br><br>**Мақсаты:** кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.<br><br>«Суретті тап» дидактикалық ойыны<br><br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br><br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар.<br><br>Одан кейін, мысалы, оң | **Қоршаған орта**<br><br>**Міндеті:** - Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, топтастыру **Мақсаты** )<br>Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері 1<br><br>және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту<br><br>суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.<br><br>Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс<br><br><br><br>**Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан** | Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді. | жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды<br><br><br><br>Талқылап, сұрақтарға жауап береді. | суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді.<br><br>Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Үзіліс:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қимылды ойын:<br>« Шарлармен алмасу »<br><br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br><br>Ойын мазмұны:<br><br>Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.<br><br>Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</td><td colspan="3">Қимылды ойын:<br>« Кішкене өзен арқылы »<br>Мақсаты:<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>Ойынның шарты:<br><br>Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен.<br><br>Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>Көркем әдебиет<br><br>Міндеті - Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу<br><br>Мақсаты: Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету<br><br>Мақалдың мағынасын түсініп</td><td>Қазақ тілі<br><br>Міндеті - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау,<br><br>Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.<br><br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</td><td>Көркем әдебиет<br><br>Міндеті: - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту<br><br>Мақсаты . ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру<br><br>Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз.</td><td>Қазақ тілі<br><br>Міндеті: , Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу<br><br>Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.<br><br>Нұр-Сұлтан қандай қала?<br><br>– Нұр-Сұлтан – астана.<br><br>Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті</td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ал**.<br>Берместің асы піспес,<br>Қазаны оттан түспес.<br>Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты<br>ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді.<br>Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс».<br>– Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз)<br>– Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз)<br>Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі | Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.<br>І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.<br>Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.<br>Қа...(қала)<br>Кө... (көше)<br>Та... (таза)<br>Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)<br>Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.) | Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.<br>Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды.<br>Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Ертегі ұнады ма?<br>– Ертегі қалай аталады?<br>– Шықбермес Шығайбай қандай адам?<br>– Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты?<br>– Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді?<br>– Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады?<br>– Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады?<br>– Алдаркөсе не деп жауап берді? | орындарын көрсете аламын.<br>Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп.<br>– Көше таза. Көшелер таза.<br>– Мынау – үй. Үй – үйлер.<br>– Биік үй. Биік үйлер.<br>– Әдемі үйлер.<br>– Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі).<br>Бәйтерек әдемі.<br>Мынау – ескерткіш.<br>Мынау – үш би ескерткіші.<br>Нұр-Сұлтан – жаңа қала.<br>Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).<br>Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейіпкерлері<br><br>бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған<br><br>соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды | | | | |

**Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**<br><br>Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту<br><br>**1.Т: Күй сандықты ашайық**<br><br>Б до- до- до<br><br>Т: тілдерін біз бастайық<br><br>Б: ре - ре - ре<br><br>Т: бас дыбысты бастайық<br><br>Б: ми - ми - ми<br>Г Жайлап әнге салайық<br><br>Б: до - до - до<br>2. Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа | <br><br> | **Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**<br>**Ойынның мақсаты:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.<br>**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. |

| | | |
|---|---|---|
| Т: Бәрі до - дан басталар<br>Б: до- до -до<br>Т: До -ны қоштар басқалар<br>Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до<br> | | Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>**Ойынның ережесі**<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықьтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті: -** - Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау<br><br>**Мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу,<br><br>кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** -- - Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру<br><br>**Мақсаты**: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру<br><br>. **Музыка тыңдау**:<br><br>«Жан анам» (Е. Өміров) | **Дене шынықтыру**<br><br>**Міндеті:** - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу<br><br>**Мақсаты** - Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, | **Музыка**<br><br>**Міндеті:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту<br><br>**Мақсаты** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.<br><br>**) Музыка тыңдау**:<br><br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br><br>Ән айту: «Екеуміз әйбат | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру<br>.<br>**«Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай<br>еденге соғуға тырысады.<br>Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады.<br>Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады | Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Тырналар биі» (Д. Абиров)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Атқа мініп шабамыз»<br>(В. Агафонников) | кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру<br>. **«Жорғалаушылар ғаламшары»** – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу.<br>Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.<br>Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады | баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Тырналар биі» (Д. Абиров)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Атқа мініп шабамыз | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | . |
| | | | | | |
| **Серуен** | Серуен-Бақылау №5<br>**Бақылау:** Торғайларды бақылау<br>***Мақсаты:*** | Серуен-Бақылау №6<br>**Бақылау:** Қардың түсуін бақылау | **Серуен**-Бақылау **№7**<br>**Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау** | **Серуен**-Бақылау **№8**<br>**Бақылау:**<br>Аула тазалаушы | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>— Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>**Торғайларды қорға.**<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз? (қыстап қалатын құстар)<br>♦ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)*<br>♦ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)* | ***Мақсаты:***<br>*- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;*<br>*— Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;*<br>*— әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев***<br>*Жауа-жауа, қар жауып көп,*<br>*Шұқырларға толады.*<br>*Иығына қонады кеп,*<br>*Мойнына да қонады.*<br>*Жауып бітер қарды тосып,*<br>*Үйіңе де сыймайсың,*<br>*Табиғаттың ақ көрпесін.*<br>*Басуға да қимайсың.*<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.<br>♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦ Қар неге ұлпа болады?<br>♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көріністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.**<br>***Мақсаты:*** *бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>***Мақсаты:*** *тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету*<br>**Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту.**<br>***Мақсаты:*** *Қарды алысқа* | ***Мақсаты*** :<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы***<br>*Қар жамылды бақтарым*<br>*Қыратым да, сайым да.*<br>*Тағыпты қыс ақ қарын,*<br>*Үкі етіп қайыңға.*<br>*Бүркеніп ақ желекті,*<br>*Жарқырайды маңайым.*<br>*Ойға шомып теректің,*<br>*Ақ шалыпты самайын.*<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦ Күзде қандай болды?<br>♦ Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>Жаттығу ойындары Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br>*Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.* | еңбегін бақылау<br>***Мақсаты:***<br>— Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>— Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br>Еңбек<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>***Мақсаты:***<br>—бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>—еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Екі аяз» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)*<br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)*<br>♦ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)*<br>♦ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)*<br>*Торғай, торғай, торғайсың,*<br>*Жақын келіп қонғайсың.*<br>*Жем шашайын тере ғойғ*<br>*Сонда суыққа тоңбайсың.*<br>Еңбек қызметі<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>***Мақсаты:*** *еңбекке деген ықыластарын арттыру.*<br>Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».<br>***Мақсаты:*** *қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.*<br>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту<br>Қарды алыс нысанаға лақтыру<br>***Мақсаты:****қозғалыс координациясын дамыту.* | *лақтыруға үйрету.*<br>***Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.*** | | ***Мақсаты:*** *жүкіруге жаттықтыру*;<br>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру.<br>***Мақсаты :***<br>шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. | |
| **Балалар дың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1І-апта** 11 – 15 наурыз 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сездіріңіз. | үйретулерін ескерту. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс**<br>Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау. | **Дидактикалық ойын**<br>«Бұл не? Кімге керек?»<br>**Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. | **«Әдемі үйшік»**<br>**Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. | **Нан туралы тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар**!** | **Үстел –үсті ойыны:**<br>**«**Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **«Кім шапшаң»**<br>Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады | **«Тәрбиеші апайлар»** тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. | Тіл ұстарту жаттығулары<br>**«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. | **«Дүкенші»**<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. | **«Не артық»**<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** - Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту<br>**Мақсаты** Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру<br>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану,<br>-Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту<br>**Мақсаты** : Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету.<br><br>–Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.<br>–Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту<br>**Мақсаты** Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру,<br><br>Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.<br>Т – қатаң дауыссыз | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: -**Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру<br>**Мақсаты** Ана туралы өз ойларын айтқызу.<br><br>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады<br>Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру<br>**Мақсаты** Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру ,<br><br>**Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз** дыбыстан басталатын сөз қос»<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздер айтасыңдар.<br>Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ...(банан), қатты...<br>( көмір), жасыл.... (шөп), қар...,<br>(пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі),<br>сүйкімді ... (мысық), пысық ...( қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ...(шаш), дәмді...( шай), тәтті... (торт), жасыл...( қияр), ұзын.... (бантик)<br>т.б. | –Ендеше өз аналаларыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар. Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:<br>–Анаңның аты кім?<br>–Кім болып жұмыс істейді?<br>–Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам?<br>–Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің?<br>Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды | дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі.<br>Педагог тақтаға тырма сөзінін сызбасын іледі.<br>Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз | дауысты.<br>Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты.<br>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды.<br>Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді. | дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар.<br>Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ...(банан), қатты...<br>( көмір), жасыл.... (шөп), қар...,<br>(пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі),<br>сүйкімді ... (мысық), пысық ...( қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ...<br>(моншақ), сары ...(шаш), дәмді...( шай), тәтті... (торт), жасыл...( қияр), ұзын.... (бантик)<br>т.б.<br>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»<br>– Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.»,<br>- «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.». |
| **Үзіліс:** Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық» | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Торғайлар мен мысық»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:**Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**Ұсыныс:** мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді) |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту<br>**Мақсаты** Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту<br><br>«Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** - Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу<br>**Мақсаты**<br>Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту<br><br>Компьютердің жалпы қызметі туралы не айта аласыңдар?<br>– Компьютер ақпараттық-байланыс құралға жатады. Компьютермен сурет салуға, | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Циферблат бойынша уақытты анықтау<br>**Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br><br>демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>- Суреттерді қараңдар.<br>-Бірінші суретте не бейнеленген?<br>- Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші).<br>Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Мемлекеттік мерекелердің Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну<br>**Мақсаты** наурыз мейрамы туралы түсінік беру, ұлттық ойындар арқылы балалармен математикалық тапсырмаларды орындап, өткен тақырыпты бекіту және көктем гүлдерінің түрлерімен таныстыру, шығармашылық жұмыстарға баулу**.**<br><br>Балалар, сендер білесіңдер ме наурыз айында қандай мейрам болатынын?<br>- Наурыз мейрамын біздің халқымыз қалай тойлатады? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?<br>- Балалар, Наурыз | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Циферблат бойынша уақытты анықтау<br>**Мақсаты** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br>.<br>3-тапсырма<br>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>4-тапсырманы орындау<br>Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз.<br>-Аптаның екінші күнін атаңыз | кино, мультфильмдер көруге, ойындар ойнап, хат жазуға т.б. көптеген іс-әрекеттерді орындауға болады.<br>– Компьютер не үшін қажет?<br>– Компьютердің қызметі жайлы не білесіңдер? Оның құрылымы қандай? Компьютер суретін көрсету. Құрылысы жайлы әңгімелеу. Балалар компьютер туралы білетіндерін айтады.<br>– Компьютер – монитор (экран), клавиатура, процессор, принтер, дыбыс күшейткіш колонкаларынан және «тышқаннан» (қозғалтқыш) тұрады.<br>Педагог ноутбук алып шығады.<br>– Мынау не? Бұны компьютер деп атауға бола ма?<br>– Ноутбук – компьютердің кішірейтіліп, өзіңмен бірге алып жүруге ыңғайланған формасы.<br>Педагог ноутбукке алдын ала жазылып, дайындалып қойылған слайдтарды балаларға | ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды | мейрамына барып, қатысқыларын келе ме?<br>- Олай болса барлықтарымыз орнымыздан тұрып, Наурыз мейрамға ән айтып барайық.<br>Балалар, біздің топта да білім алға бассың. Бүгін біз мейрамда түрлі ұлттық ойындар ойнап, жарысайық. Қыдыр Атамызға өз білімдерімізді көрсетейік. Балалар, ойын ойнап, жарысамыз ба?<br><br>Қыдыр Ата<br><br>- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, жауабын тауып көріңдерші.<br>Жұмбақ<br>Құлпырса, қадірлейді, аялайды.<br>Құраса сыпырғышқа жарамайды.<br>– Бұл не?<br>-Жарайсыңдар балалар, сендер менің жұмбағымның жауабын шештіңдер, мен сендерге осы көктем гүлдерін сыйлаймын. | Суреттерді бірдей етіп жасайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетіп, әңгімелейді.<br>– Балалар, біз компьютермен сөйлесе аламыз ба? Ал мына компьютер сендермен сөйлескісі келіп тұр**.** | | | |

**Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар**
**«Күн мен түн»**

| | | |
|---|---|---|
| <br> | <br> | **Ойын:“Күн мен түн”**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:“**Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м рақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресебір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйінежүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқанқатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>**Ереже:**<br>1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.<br>2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.<br>**3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.** |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты:** ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** , Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру<br>**Мақсаты** киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** -- -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау<br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Таныс ертегілер | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** -түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу<br>- достық туралы тату-тәтті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінік беру<br><br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Өлең ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады?<br>– Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады?<br>– Қай уақытта малдар төлдейді?<br>– «Сары уыз» деген не?<br>Өлеңді суреттер бойынша қайтала.<br>Педагог мнемокестедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды.<br>Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып<br>түсіндіреді | Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).<br>– Көйлек неге артық?<br>– Көйлек – киім.<br>– Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.<br>– Көйлек, шалбар, жейде – нелер?<br>– Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.<br>Мынау – ұзын жең жейде<br>Мынау қандай жейде?<br>Мынау – ұзын жең жейде.<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Мынау қандай көйлек?<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Сөйлемдерді айтып жаттығады.<br>Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу.<br>Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.<br>Қа-қа-қысқа – қысқа жең | Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер<br>ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз<br>мерекесін тойлаймыз.<br>– Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде?<br>– Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.<br>Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін<br>әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді<br>**Наурыз**<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде - жаз,<br>Түнде қыс<br>Секілді екен Наурыз.<br>Төлдеп жатыр малымыз,<br>Қазан толы сары уыз.<br>Сүті көп те,<br>Көмірі аз<br>Болады ғой Наурыз.<br>Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, | иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».<br>Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы.<br>Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.<br>Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді<br>Мынау не?<br>– Мынау – қарлығаш.<br>Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату.<br>Суреттер бойынша жұмыс.<br>– Мынау – Қарға.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – Қарға.<br>– Мынау – Көкек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – Көкек.<br>– Мынау – Дәуіт.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – Дәуіт.<br>– Мынау – Жылан.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – Жылан<br>– Қарлығаш көмек сұрады.<br>– Қарлығаш не істеді?<br>– Қарлығаш көмек сұрады.<br>– Көмек, кө-мек.<br>– Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.<br>– Қарлығаш нелерден көмек сұрады?<br>– Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. – Көкек не деді? – | қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту<br>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару<br>-- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br>**Мақсаты** –қонжықты суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қыры көк<br>Қандай жақсы наурыз! | «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? – «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. – Осы істері дұрыс па? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығашқа не көмек берді? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығаш пен Дәуіт дос болды.<br>– Қарлығаштың досы ....<br>**– Дәуіттің досы ...** | |

**Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны**

| | | |
|---|---|---|
|  | <br> | **Ойын:“Кесіртке”**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:**Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады,<br>олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады.<br>Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы-кесірткенің<br>“құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені<br>құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында<br>өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі. |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** -Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Заттарды таразыға салмағы | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру<br>**Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.<br>Дәптермен жұмыс<br>1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.<br>– Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды.<br>Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды.<br>Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді | оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу<br>**Мақсаты** Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.**<br>**.**<br>Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>— Киіз үй туралы не білесіңдер?<br>— Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді?<br>— Киіз үйді неден жасайды?<br>— Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме?<br>— Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау.<br>— Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін.<br>— Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).<br>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.<br>Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.<br>— Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту.<br>Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған.<br>Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары.<br>Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық.<br>Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. | бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту<br>**Мақсаты:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ?<br>Блиц-сұрақ.<br>Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>Дәптермен жұмыс<br>Педагог 2- тапсырманы орындауды сұрайды.<br>Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады.<br>Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр.<br>Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады. | құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту<br>**Мақсаты** Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. **.**<br><br>**Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды.<br>Тәрбиеші:<br>Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді)<br>Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді)<br>Бесікке салу рәсімінен көрініс.<br>Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім.<br>Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке | салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту<br>**Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды.<br>– Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>4- тапсырма жеке орындалады.<br>Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:<br>– Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>– Тоқта.<br>– Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>– Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>– Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит**.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары.<br>Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже.<br>Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.<br>Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары.<br>Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.<br>Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.<br>Төсеніштер:<br>Алаша, киіз, сырмақ.<br>Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы.<br>Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба.<br>Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді.<br>— Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті.<br>— Топпен жұмыс жасау.<br>1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар.<br>2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар.<br>3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар.<br>4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар. | | бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады. Бесіктің құрал –жабдықтарын атап өту.<br>«Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек.<br><br>Мақал-мәтелдер.<br>Бала тәрбиесіне байланысты мақал- мәтелдерді сурет бойынша айту**.** | | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған | | | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді.<br>“Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.<br>**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.<br> | <br> | <br> | қатысады.   | |

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br>**Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.**<br><br>**Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.**<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді<br><br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы?<br>– Арыстан аңдарды не үшін шақырды?<br>– Қандай аңдар жиналды?<br>– Арыстан қандай сұрақ қойды?<br>– Аңдар не деп жауап берді?<br>– Елік дұрыс айтты ма?<br>Көктемнің сәні деген – | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>**Мақсаты** өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету<br><br><br>Арман мен Сәуле диалог жүргізеді.<br>– Сәуле, сен таңертең не істейсің?<br>– Мен таңертең тұрамын.<br>– Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс).<br>– Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын.<br>– Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын.<br>– Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын.<br>– Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын.<br>– Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін.<br>– Содан кейін анаммен балабақшаға барамың.<br>Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.<br>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>Таңертең ... (тұрамын).<br>Бетімді ... (жуамын).<br>Тісімді ... (тазалаймын**).** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру**.**<br>**Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.**<br><br>Суретте жиналған аңдарды ата.<br>Арыстан аңдарды не үшін жинады?<br>Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді?<br>Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал.<br>2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле.<br>Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса,<br>сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті** - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру<br>**Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру<br><br>**Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке).<br>Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай).<br>Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>– Мынау – торсық.<br>– Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Торсық неден жасалады?<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау қандай тостаған? | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** --Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>- балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру<br>-- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік<br>- қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br><br>**Мақсаты**-ұлудың суретін салу,мүсіндеуужапсыру,құрастыру<br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүлдер, көбелектер,<br>алғашқы ұшып келген<br>құстар, күннің<br>жылуы, мөлдір су,<br>көкмайса шөп**.** | | | (Үлкен, кішкентай).<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостағанмен не ішеді?<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Тостаған неден жасалған?<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>– Мыналар – нелер?<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.<br>– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?<br>«Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі,<br>Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».<br>Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды.<br>Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?** | |

**Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны**

Артикулыциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!















Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.







| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**<br><br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады. |  |  | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>**Мақсаты** Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады** | **Музыка**<br>**Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт<br>**Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру<br><br>: Музыка тыңдау:<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай**)** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату<br>**Мақсаты** - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br><br>**.**<br>**Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.** | **Музыка**<br>**Міндеті** - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру<br><br>**: Музыка тыңдау:**<br>**«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)**<br>**Ән айту:**<br>**«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)**<br>**«Көктем» (Д. Гусинцев)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>**«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)**<br>**Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)**<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«Үйшік» (В. Витлин)**<br>**Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу<br>**Мақсаты** Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br><br>**«Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынантүрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту. Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету. |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>— Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;<br>— Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>*Бақылау барысы*<br>**Тәрбиеші әңгімесі:**<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>♦ Мойыл жидектерінен не жасайды?<br>♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау: Тастарды бақылау**<br>*Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>*Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>*Бақылау барысы.*<br>*Көркем сөз. «Бұлт»*<br>*Ө. Ақыпбекұлы*<br>*Бұлттың қайда тұрағы?*<br>*Біле алмадым мұны әлі.*<br>*Білерім көк аспанның,*<br>*Бұлт-көшпелі бұлағы.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)*<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)*<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>*Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек**<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>*Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.* | | Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..* | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. | **Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету | **Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату | **Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру | **Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-**<br><br>**тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын<br><br>«Біздің аулада не өседі?».<br><br>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.<br><br>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту<br><br>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.<br><br>Мақал-мәтел:<br><br>-Бір тал кессең, он тал ек. | Қимылды ойын.<br><br>«Бәйге».<br><br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br><br>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br><br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | **Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».**<br><br>**Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.**<br><br>**Жеке жұмыс**<br><br>**Математикалық жаттығулар.**<br><br>**Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.**<br><br>**Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.** | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br><br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br><br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br><br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br><br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | **Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>**— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;**<br><br>**— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;**<br><br>**Жаттығу ойыны**<br><br>**Ұзындыққа секіру.**<br><br>**Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Мектепалды даярлық сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 1І-апта 08–12 сәуір 2023-2024 оқу жылы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы »<br>Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу.<br>Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |
| Ертеңгілік жаттығу | Таңғы жаттығу кешені № 11 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ) | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | «Дала қандай тамаша»<br><br>Дала қандай тамаша,<br><br>Ақ мамыққа оранған.<br><br>Ақ дастарқан жайғандай,<br><br>Көз тоймайды қараса. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті: Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру<br>Мақсаты дыбыстық талдауды жасауды үйретуді | Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану<br>Мақсаты Бала бойындағы | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру<br>Мақсаты дыбыстық талдауды жасауды | Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br>Мақсаты Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру<br>Мақсаты дыбыстық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жалғастыру<br><br>Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»<br>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), oooтын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еeер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?** | **шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.<br><br>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.<br>–Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>–Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>–Екеуі жолдан не көрді?<br>–Қасқыр Түлкіге не деді?<br>–Сонда Түлкі не дейді?<br>–Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>–Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?<br>–Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?<br>Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.<br>Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».<br>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді** | **үйретуді жалғастыру<br>...<br><br>Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»<br>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ... (қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.** | **–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?<br>–Ғарышкер немен ұшады?<br>–Ғарышкер қандай болу қажет?<br>Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br><br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!<br>Ғарышкер мен де боламын,<br>Боламын десем, боламын.<br>Таудай үлкен талабым,<br>Мен бармақтай баламын.<br>Көктің жүзін барлаймын,<br>Үлкен ғалым боламын,<br>Боламын десем, боламын.<br>(Ж.Смақов)<br>–Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?<br>–Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?<br>–Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.<br>–Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар?<br>–Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек.<br>–Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.** | **талдауды жасауды үйретуді жалғастыру<br><br>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б .<br>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.<br>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау,<br>Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.** |

**Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»**

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

**Дауыстарын қайтала.**
**Аң біткенмен алысқан**
**Ақырады арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
**Нәзік дауысы қозының**
**Естіледі алыстан:**
**Мә-ә-ә-ә-ә**
**Дөңгелетіп аузыңды,**
**Жіңішкертіп даусыңды,**
**Бұзаумын деп ойла да,**
**Дауысын оның қайтала:**
**Мө—ө-ө-ө**
**(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )**
**Майлыаяқ.**
**Жайлау толы малды аяп,**
**Күзетіп жүр Майлыаяқ.**
**Жолатпайтын ешкімді,**
**Дауысы алыстан естілді:**
**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**
**«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,**
**«Қорқып иттер қашсын», -еп,**
**Күжірейтіп желкесін**
**Ырылдады қасқыр кеп:**
**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**
**«Қорықпаймын сенен»,-деп,**
**«Сазайыңды берем»,-деп,**
**Дірілдетіп қасқырды**
**Айбатын ит асырды:**
**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**
**«Мынау бәле екен» деп,**
**«Түбіме бұл жетер» деп,**
**Қорқып қасқыр жөнелді,**
**Қайтып келмес ол енді.**
**(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?**
**Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)**







**Ойын:** ***«Мысықтар мен балалар»***

**Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.**
**Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.**
**Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.**

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен**<br>**Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.**<br><br>**Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.**<br><br>**Сонымен**<br>**10 – 1 = 9**<br>**9 –1 = 8**<br>**8 – 1 = 7**<br>**7 – 1 = 6** | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу**<br>**Мақсаты Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. .**<br><br>**Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?**<br>**- Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.**<br>**- Балалар аспаннан нелерді көруге болады?**<br><br>**Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?**<br>**(балалардың жауабы ).**<br>**Тәрбиеші:**<br>**- Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.**<br>**Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.**<br>**Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер**<br>**- Ғарышкерлер дегеніміз** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру**<br>**Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.**<br><br>**Карточкамен жұмыс**<br>**Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)**<br>**1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз** | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.**<br>**Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.**<br><br>**Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?**<br>**Балалар:**<br>**- Нұрсұлтан Назарбаев!**<br>**Тәрбиеші:**<br>**- Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?**<br>**Балалар:**<br>**Ол біздің президентіміз!**<br>**- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.**<br>**Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтаның емес пе, Орындаған бабалардың арманын**<br><br>**Күн өткен сайын құлпырып,**<br>**Жайнадың гүлдей Астана,**<br>**Елорда – менің Астанам,**<br>**Елорда-менің бас қалам** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару**<br>**Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.**<br><br>**–**<br>**5 – 1**<br><br>**–**<br>**7 – 1**<br><br>**–**<br>**4 – 1**<br>**Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш».**<br>**Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **кімдер?<br>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар<br>Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»<br>Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br><br>Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.** | | | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»**

| | | |
|---|---|---|
| **Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары<br>«Жасыру» саусақ ойыны.<br>Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып,<br>Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>«Салат» саусақ ойыны.<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)<br>Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)** | <br>  | **Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.<br>Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | | | | | |
| 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | Көркем әдебиет<br>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары<br>туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды.<br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып,<br>балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.<br>Дәптермен жұмыс:<br>1 Суретте не бейнеленген?<br>Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал.<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>2. Суретті бастырып | Қазақ тілі<br>Міндеті: -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br>Мақсаты мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.<br><br>Сюжеттік ойын: «Дүкен»<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.<br>Диалог үлгісі:<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Кесе беріңізші.<br>– Қандай кесе?<br>– Үлкен, екі жасыл кесе.<br>– Міне, кесе алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>– Сау болыңыз.<br>Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды | Көркем әдебиет<br>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары<br>туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар.<br>Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа<br>ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.<br>– Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>– Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды.<br>– Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.<br>Өлең сөз адамның жан тебіренісін<br>әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады.<br>Мен ғарышкер боламын | Қазақ тілі<br>Міндеті - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br>Мақсаты азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.<br><br>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.<br>Сиқырлы дорбада не бар?<br>Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.<br>– Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:<br>Дорба әдемі, дорба жақсы.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>5, 4, 3, 2, 1<br>Міне, дорба ашылды!<br>Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.<br>Мынау – ет.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ет.<br>– Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – жұмыртқа.<br>– Жұмыртқа – тағам.<br>– Жұмыртқа – ... (тағам)<br>– Мынау – ірімшік. І-рім-шік.<br>– Мынау не? | Шығармашылық бейнелеу әрекеті<br>Міндеті: - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру<br>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>Мақсаты- көктем мезгіілінің суретін салу,мүсіндеу ,жапсыру, құрастыру.<br><br>Топтық жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыз. Боя.<br>Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады | | Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын | – Мынау – ірімшік.<br>– Ірімшік дәмді.<br>– Ірімшік дәмді ме?<br>– Ірімшік дәмді.<br>– Ірімшік – тағам.<br>– Ірімшік не?<br>– Ірімшік – тағам.<br>– Мынау – қант.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – қант. | |

**Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.**

| | | |
|---|---|---|
| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тарды қарау және басқалар)** | — жылдамдыққа және шыдамдылыққа<br><br>тәрбиелеу. | белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br><br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br><br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. | **жылдамдықтарын дамыту.**<br><br>**Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.**<br><br>**Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.**<br><br>**Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.** | қуып жету, ойын шартын сақтау.<br><br>Жаттығу ойыны<br><br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br><br>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету | **ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.**<br><br>**Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.**<br><br>**Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.**<br><br>**Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Мектепалды даярлық сыныбы
Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі V-апта 29-30 сәуір 1-3 мамыр 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «**Әдебиет орталығы»**<br>**«Тату доспыз бәріміз**» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | «**Бауырмал халық»**<br>**Боямақпен жұмыс.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | **Үстел- үсті ойын:**<br>**«Пазлдарды құрастырамыз»**<br>**«Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**Мақсаты**:конструкторме н,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын: «Достық»**<br>**Мақсаты**:<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу;<br>**Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 12 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Мнемосхемамен<br>«Дос»туралы мақал-мәтелдер<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын. | «Достық үйін құрамыз»<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | «Болмасын еш тосқауыл»<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | «Ағайынбыз бәріміз!»<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** -Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**Мақсаты С**ызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br><br>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер,<br>гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға<br>бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады).<br>Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру**<br>**Мақсаты** Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу<br><br>Дидактикалық ойын:<br>«Таңдап ал да, дауысын сал».<br>Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру<br>**Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді<br>жалғастыру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>**–** Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер<br>мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оootын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү),<br>ааарба(а) т **...** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>Мақсаты ал5ан б3л3мдер3н пысы0тау<br><br>Таңдаған ертегіні сахналау | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>**Мақсаты** Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы<br>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>Дидактикалық жаттығу:<br>«Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың<br>керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау,<br>мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Үзіліс:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»<br>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.<br>Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.<br>Ықтимал күрделендіру:тез ойла<br>Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.<br></td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Ойын: «Оюларды құрастыр»<br><br>Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.<br><br>Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері<br>Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>Математика негіздері<br>Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту<br>Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br><br>осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: біріінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі<br><br>тапсырма.<br>Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар.</td><td>Қоршаған орта<br>Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну<br>Мақсаты Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шыңдау. Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.<br>.<br>Табиғат ананың хаты<br>Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып</td><td>Математика негіздері<br>Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту<br>Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br><br>Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды<br><br>Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап,</td><td>Қоршаған орта<br>Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау<br>Мақсаты Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңда<br><br>(Ыдысқа пияз отырғызу)<br>Пияз туралы балаларға түсінік беремін.<br>Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер</td><td>Математика негіздері<br>Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту<br>Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br><br>Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.<br></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады.<br>– Тақтадағы фишкаларға қараңдар.<br>– Олардың ұқсастығы қандай?<br>– Айырмашылығы неде?<br>– Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте<br> | беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші.<br>– Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба? Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)<br>3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)<br>Табиғат туралы мақал — мәтелдер:<br>Таза болса табиғат<br>Аман болар адамзат.<br>Туған жердің суы тәтті<br>Топырағы да ыстық | санайды.<br> | өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін.<br>Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде1-2 баланы пиязды егуге шақырамын. Көрдіңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі.<br>Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен?<br>Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуін бақылып отырамыз. Өздерін бағалау Су, жер керек.<br>Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ?<br>Балалар сендердің алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі.<br>Қарандаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын. | |
| **Үзіліс:** | | | | | |

***Саусақ ойыны:*** « **Тасбақа»**
***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.
**1.Тасбақа**

Тасбақа, тасбақа,

Тас астында тұрады.

Басын баяу шығарып,

Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

**Фонетикалық жаттығулар**
**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
1.Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай



2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....

**Психологиялық ойын:**

**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**

***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

***Ойын шарты:***

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



**Аз қимылды ойын:**

**Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»**

**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
**Ойын шарты:**
**Мазмұны:** Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуңыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады.
Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
**Ойынның ережесі:**
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



**3.Шалқан**. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.













**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата.<br>2. Не артық? Қоршап сыз.<br>3. Киіз үйдің суретін сал. | **Қазақ тілі**<br>Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-<br>Мақсаты ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету<br><br>Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы?<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Мынау – сатушы. Са-ту-шы. | **Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.<br>– Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>– Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй –<br>ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын | **Қазақ тілі**<br>Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр<br>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,<br><br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.<br>– Балалар бұл ненің даусы?<br>Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы –<br>көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру<br>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Жұмбақты шеш.<br>Ұқсайтын шеңберге<br>Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй) | – Мынау кім?<br>– Мынау – сатушы.<br>– Сатушы нан сатады.<br>– Сатушы не істейді?<br>– Сатушы нан сатады.<br>– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – наубайшы.<br>– Наубайшы нан пісіреді.<br>– Наубайшы не пісіреді?<br>– Наубайшы нан пісіреді.<br>– Мынау – бидай.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бидай.<br>– Мынау – диірменші.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – диірменші.<br>– Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>– Диірменші бидайдан не жасайды?<br>– Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>– Мынау – ұн. | құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.<br>– Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай?<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай?<br>! | ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді | сақтау<br>- - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>**Мақсаты –**ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br><br>Топтық жұмыс |
| **Үзіліс:** | | | | | |

| | |
|---|---|
| ***Сюжетті - рөлді ойын:* «Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім қол ұшында,<br>Боламын мен тігінші<br>Тігіншінің ішінде,<br>Бас бармақтай бірінші.<br>***Ойын: «Дұрысын тап»***<br>**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.<br>***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*«** **Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>***«Дәмді тосап»***<br>***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.*** |

<table>
<tr>
<td colspan="3">Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?<br>Шаштараз не киеді?<br>Балалар белгілеп береді.<br>- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.<br>Ойын:«Тігінші»<br>Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)<br>Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.<br>Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.<br>  </td>
<td colspan="3">1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br><br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br><br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br><br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.<br>  <br>   </td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Дене шынықтыру<br>Міндеті: - -Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br>Мақсаты Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту<br><br>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен</td>
<td>Музыка<br>Міндеті: - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту<br>Мақсаты Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. :<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>Ән айту:<br>«Көктем» (А. Жайымов)</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Міндеті:. -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>Мақсаты - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету<br><br>Баскетбол себетіне доп</td>
<td>Музыка<br>Міндеті - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру<br>Мақсаты . Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br><br>Музыка тыңдау:</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Міндеті: - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>Мақсаты Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды,</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.<br>Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды**.** | **«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>**«Құстар» (Т. Ломова)**<br>**Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)**<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)** | **лақтыру.**<br>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді.<br>Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.<br>Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады**.** | **«Көкек» (Х. Мұхамедова)**<br>**Ән айту:**<br>**«Көктем» (А. Жайымов)**<br>**«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>**«Құстар» (Т. Ломова)**<br>**Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)**<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)**<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников** | бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!» |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Бақылау: Бақбақ гүлін** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Бақылау: Жолжелкенді** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Бақылау: Жәндіктерді** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №21**<br>**Бақылау: Ауа-райын** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №22**<br>**Бақылау: Гүлзарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау**<br>***Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау* (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.***<br>*Аппақ, аппақ бақбақтар,*<br>*Үлбіреген бақбақтар,*<br>*Құдды киіз ақ үйлер.*<br>*Парашюттен аумайды.*<br>*Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел*<br>*соқса,*<br>*Тамашалап сәбилер.*<br>*Ақ ұлпалар заулайды.*<br>*Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.*<br>*Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.*<br>Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай.<br>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қаттыісіктерді басуға, ыстықты | **бақылау**<br>***Мақсаты:****емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші әңгімесі***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br>♦ Өсімдіктер қай жерде | **бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:***<br>*Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>*Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің | **бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? | **бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)*<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)*<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **.** | пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ **Зерттеу жұмысы**<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**.** | ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* | істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көктем мезгілінің белгілерін үйрету | Мақал-мәтел:<br><br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br><br>Құнарлы шөп, қосымша сүт | Кнутем киім үлгілерін білуге үйрету | Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру | Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-**<br><br>**тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».<br><br>Мақсаты:<br><br>— түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге | Қимылды ойын: «Бәйге».<br><br>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.<br><br>Жаттығу ойыны: Дыбыстар | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br><br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, | Қимылды ойын<br><br>«Үшінші артық».<br><br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. | **Қимылды ойын**<br><br>**«Қай топ тез жиналады?».**<br><br>**Мақсаты: жүкіруге** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br><br>Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту<br><br>Мақсаты:<br><br>- Қимыл белсенділіктерін арттыру;<br><br>Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | арқылы жүру<br><br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. | жылдамдыққа баулу.<br><br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br><br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br><br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Жаттығу ойыны<br><br>Қимылдарын дамыту.<br><br>Мақсаты:<br><br>—Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br><br>—Қозғалыс координацияларын сақтау;<br><br>Мақал-мәтел<br><br>-Сәуір айы-су айы,<br><br>Мамыр айы- гүл айы.<br><br>-Көктемгі жауын артық болмас. | **жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны «Құлап қалма».**<br><br>**Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.**<br><br>**Мақал-мәтел:**<br><br>**- Әр гүлдің иісі әр басқа.**<br><br>**-Гүл-араға, бал-балаға.**<br><br>**Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Ұйым :»Запорожье ауылының жалпы білім беретің мектебі» КММ**
**Мектепалды даярлық сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 6– 8-10 мамыр 2023-2024 оқу жылы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту** | | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Атын атап бер"**<br><br>**Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br><br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | | **Дидактикалық ойын:**<br>«Геометриялық пішіндерден құрастыр».<br>Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br><br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br><br>**«Суреттерді құрастыр»**<br><br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br><br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | | **Дидактикалық ойын:**<br>«Геометриялық пішіндерден құрастыр».<br>Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br><br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br><br>**«Суреттерді құрастыр»**<br><br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br><br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 14 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **«Құмырсқа» өлеңі**<br><br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br><br>Келе жатты жұмысқа.<br><br>Алды допты қолына,<br><br>Қойды допты орнына.<br><br>Онға, солға қарады,<br><br>Үлкен тау деп ойлады.<br><br>**Мақсаты**:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | | . **«Армысыз!»**<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . | . «Армысыз!»<br><br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br><br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br><br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br><br>Амансын ба, Алтын күн!<br><br>Амансын ба,Көк аспан!<br><br>Амансын ба,достарым!<br><br>Аманбысыз,апай! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру<br>**Мақсаты** . алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білу білу, жазу жолы мен<br>**Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** **-** Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу<br>**Мақсаты** балалардың білімін пысықтау . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай<br>айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың<br>керек.<br>Мысалы:<br>- ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а),<br>...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а),<br>...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к),<br>...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квариум(а),<br>...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б. | | үйретуді<br>жалғастыру.<br><br>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а),<br>жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж),<br>ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е),<br>тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еeер(е), үүүзеңгі(ү),<br>ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың<br>керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау,<br>мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді<br>көресіңдер? Айтып беріңдерші? | | Буынмен жұмыс<br>«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны<br>– Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға<br>бөлесіңдер. Мысалы: Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс,<br>та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, кө-<br>гер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, са-<br>на, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан,<br>жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.<br>«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны<br>– Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары<br>дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.<br>Мысалы: банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта,<br>шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.<br>Сөздің |
| **Үзіліс:** | | | | | |
| **Саусақ гимнастикасы** | | | **Психологиялық ойын:** | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br><br>Тасбақа.<br><br>Тасбақа, тасбақа,<br><br>Тас астында тұрады.<br><br>Басын баяу шығарып,<br><br>Тиіссең кері тығады.<br><br></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.<br><br>Мақсаты:<br><br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br><br>Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Математика негіздері<br>Міндеті: Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру<br>Мақсаты Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.<br><br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.<br>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны</td>
<td></td>
<td>Математика негіздері<br>Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br>Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br><br>Шағын топтармен жұмыс.<br>«Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар.<br>Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді</td>
<td></td>
<td>Математика негіздері<br>Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br>Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br><br>1-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.<br>– Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)<br>– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды</td>
<td></td>
<td>(фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды<br><br>Талқылап, сұрақтарға жауап береді</td>
<td></td>
<td>– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?<br>Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Үзіліс:</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2"><br></td>
<td colspan="2">Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»<br>Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.<br><br>-</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Үзіліс:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|   | | **Қимылды жүгіруге арналған ойын: « Қоңырау қайдан естіледі**?»<br>**Мақсаты:** Зейін, тыныс алу ырғағын дамыту, қимыл қозғалысын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:** Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одна кейін балаларға тағы да беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады. | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу<br>**Мақсаты** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру<br><br>Ойын жаттығулары:<br>«Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. | | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.** - Ұлттық қимылды ойындарды ойнату<br>**Мақсаты .** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№3)<br>Допты аяқ басымен қысып жүреді.<br>Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты түсірмеуге тырысады.<br>Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады | | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Ұлттық қимылды ойындарды ойнату<br>**Мақсаты .** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>«Шапшаң доп» (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады.<br>Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен** | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Бақылау: Көбелектерді бақылау.**<br><br>*Мақсаты*:<br><br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br><br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау барысы**<br><br>**Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»** Ш. Мұхаметжанов<br><br>Дала қандай керемет,<br><br>Қойның гүлге толады.<br><br>Қызыл-жасыл көбелек,<br><br>Бір ұшып, бір қонады.<br><br>Қанша қусаң көбелек,<br><br>Қанаты бір талмайды.<br><br>Сонымен не керек,<br><br>Ақыры ұстай алмайсың.<br><br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br><br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген<br><br>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың | | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br><br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br><br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br><br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br><br>*Мақсаты:*<br><br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br><br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br><br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br><br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br><br>*Мақсаты:*<br><br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br><br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br><br>**Еңбек**<br><br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br><br>*Мақсаты:* еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту. | | | | білімдерін қалыптастыру.<br>. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әнуар және Айшамен<br><br>«Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу. | | Жасминге отан туралы сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.. | | Жанайымға достарымен ойыншықты бірге ойнау керектігін түсіндіру. Достық қарым-қатынасқа үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,** | **Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».**<br><br>**Мақсаты:тәрбиеші белгісі** | | **Қимылды ойын** | | **Қимылды ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-**<br><br>**тарды қарау және басқалар)** | **бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».**<br><br>**Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру** | | **«Қай топ тез жиналады?».**<br><br>**Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны «Құлап қалма».**<br><br>**Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.**<br><br>**Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.**<br><br>**•Гүл-араға, бал-балаға.**<br><br>**•Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.** | | **«Қай топ тез жиналады?».**<br><br>**Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны «Құлап қалма».**<br><br>**Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.**<br><br>**Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.**<br><br>**•Гүл-араға, бал-балаға.**<br><br>**Қызыл гүл көзге алыстан шалынар** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1ІІ-апта 13 – 17 сәуір 2022-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.**<br>**«Суреттерді орналастыр»**<br>**Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **Құрылыс ойындары**:<br>«Еңбек құралдары»,<br>«Наубайхана құрастырамыз». | **Фотосуреттер қарастыру**:<br>«Бидай мен қаңбақ»<br>Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру.<br>«Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | «Біз дәнбіз» диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды)<br>Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды) | **Үстел үсті ойыны – пазл:**<br>**«Бидай»**<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №12 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | «Бидай»<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | «Нанға біз тоямыз»<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Тегістейміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орамыз,<br>Нанға біздер тоямыз. | «Көктем қандай тамаша!»<br>Көркемдеген жер-көкті,<br>Көктем қандай тамаша!<br>Жерге әкеліп төсепті<br>Алуан гүлді алаша. | «Көлбең, көлбең, көлеңкем»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды.<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br>**Мақсаты өткен тақырыптарды пысықтау**<br><br>Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».<br>Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз<br>ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп,<br>«о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»<br>щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б. | **Міндеті** Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту<br>**Мақсаты** Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту<br><br>Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:<br>Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы.<br>«Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:<br>Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз.<br>«Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту<br>Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта».<br>Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады | **Міндеті** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br>**Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау**<br><br>Дидактикалық ойын: «Эстафета».<br>Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше<br>немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.<br>Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...** | **Міндеті:** - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу<br>**Мақсаты** Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру<br><br>**–**Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>–Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>–Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>–Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>–Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді<br>–Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.<br>–Үй жануарлары жазда қайда болады?<br>–Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен.<br>Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға.<br>Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап, Кең даланы сайрандап,<br>Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап.<br>–Балалар, жайлау қандай екен?<br>–Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен | **Міндеті** Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру<br>**Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін**<br>**пысықтау**<br><br>Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен)<br>Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет.<br>Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (Дыбысты)<br>Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын-нан-<br>нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыс-**семсер т.б.)** |

**Үзіліс:** Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»

| | | |
|---|---|---|
| Саусақ гимнастика жаттығулары:<br>1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.<br>2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.<br>3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).<br>4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады. |  | ***Ойын: «*Көршілеріңді ата»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті.<br>**Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.<br>**1 нұсқа:** пеадгог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Саусақтар шынжыр болады,<br>Үзілмейді тартсаң да,<br>Ал, піл келіп шынжырды,<br>Үзіп кетті басқанда.<br>Тұмсығымен доп іздеп,<br>Ойнағысы келіп тұр.<br>Достық үшін пілге мен,<br>Гүл сыйлағым келіп тұр.<br><br> | <br> | **2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды. |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);<br>**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру<br><br>**«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады.<br>Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.<br>Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту<br>**Мақсаты Қазақстан – менің туған өлкем»**<br>**Мақсаты:** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру.<br>Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу.<br>Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну.<br><br>Педагогтың әңгімесі:<br>- Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа<br>**Мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады.<br>Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).<br>Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** -Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту<br>**Мақсаты** алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. .<br><br><br>Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма?<br>Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.<br>- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>- Елордамыз қай қала?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.<br>- Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?<br>Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа<br>**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру<br><br>«Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды.<br>Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды.<br>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны<br>Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды.<br>Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,<br>Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.<br>Қайда барғың келеді?<br>Бала ойыншықты табады.<br>Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді.<br>Ойын жағдаятына тартылады.<br>Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады | асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шулаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы.<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады.<br>Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру.<br>Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі.<br>Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды.<br>Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді. | сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды<br> | жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік.<br>Әуен қойылады.<br>Астана арман қала<br>Бағы бір жанған қала<br>Тұрады ол жап-жас болып<br>Мен үлкен болғанда да.<br>Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік.<br>Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық.<br>Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы.<br>Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат.<br>Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.<br>Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы.<br>«Нұр-Астана» мешіті.Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі. | қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды.<br>Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады.<br>Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды |
| **Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»** | | | | | |
| ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР<br>Мен қандай адаммын ?<br>Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; |  | Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны<br>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .<br></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру<br>Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері<br>тұрғысынан бағалауға дағдыландыру<br><br>Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады?<br>2. Ұйқасын тап.<br>Дамыл таппай бір мезет,<br>Жортумен жүр ақ ... .<br>(көжек)<br>3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал.<br>4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?</td>
<td>Қазақ тілі<br>Міндеті: - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау<br>Мақсаты тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру<br><br>Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды.<br>Мысалы:<br>– Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды).<br>– Рақмет. Палау дәмді болды</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру<br>Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру<br><br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Көлеңкесінен қорқып, безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян)<br>– Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі)<br>– Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады)<br>– Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады<br><br>Ертегі мазмұны бойынша</td>
<td>Қазақ тілі<br>Міндеті - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету<br>Мақсаты ұлттық тағам түрлерімен таныстыру<br><br>Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен?<br>Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – бауырсақ.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).<br>– Бауырсақтың дәмі қандай?<br>Сақ-сақ – дәмді бауырсақ.<br>Сақ-сақ – жеймін бауырсақ<br>Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт.<br>«Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – құрт.<br>– Мынау – қымыз. Мынау не?<br>– Мынау – қымыз.<br>– Қымыз өте дәмді.</td>
<td>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Мүсіндеу<br>Міндеті: - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>- Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету<br><br>-- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>Мақсаты-сырмақтың суретін салуумүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br><br>Топтық жұмыс</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>сұрақтар:<br>– Ертегі ұнады ма?<br>– Ертегі не туралы?<br>– Ертегі қалай аталады?<br>– Авторы кім?<br>– Аққожекті туған күнімен нелер құттықтап келді?<br>– Аққожектің көңіл күйі қандай болды?<br>– Достар не істеді?<br>– Жайлаудан Аққожекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !</td>
<td>– Қымыздың дәмі қандай?<br>– Қымыз өте дәмді.<br>– Мен қымыз ішемін.<br>– Сен не ішесін?<br>– Мен қымыз ішемін.<br>– Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – шұбат.<br>– Шұбат өте дәмді.<br>– Шұбаттың дәмі қандай?<br>– Шұбат өте дәмді.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>– Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай?<br>– «Қ» дыбысы</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">« Өкпені еріту » жаттығуы<br><br>Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</td>
<td><br><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Жалауша»<br>Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>Мазмұны.<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.<br>Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>Ойынның ережесі.<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| | | **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр<br>**Мақсаты** Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру<br><br>**«**Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау.<br><br>Арқанмен айналмалы жаттығуалар<br>1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін | **Музыка**<br>**Міндеті:** - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру<br>**Мақсаты** Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру **:**<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру<br>**Мақсаты -** Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру<br><br>3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді.<br>Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге | **Музыка**<br>**Міндеті** - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу<br>**Мақсаты** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.**<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** -<br>Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею<br>**Мақсаты** Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру<br><br>Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.<br>Қолдар шынтақтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқан үстіне басып, қырындап жүру.<br>Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау. | | домалата отырып, айналдырады.<br>Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады.<br>Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді<br>. | | аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек.<br>Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт»**<br>**Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау: Күнді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Топырақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .*<br>*Бақылау барысы*<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
